

ЛЕНИН ТУУ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛГУСТИК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

№ 134 (9711)

1955 жылғы 8 июль Жұма

Шығуына 36 жыл. жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ТУҒАН ЕЛІМІЗДЕ (1-бет).
КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЖЕТЕКШІ РОЛЬ АТҚАРУҒА ТИІС: В. Быков.—Еңбек ұйымдастыру — маңызды міндет. И. Панков.—Кәсіподақ ұйымы және социалистік жарыс. С. Сәрсенбаев.—Құрылыс жұмысын өрістетіп берейік (2-бет).
СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ: Б. Жақыпов.—

Жоспары бар, жұмысы жоқ селолық Совет. Б. Омаров.—Селолық Советтің сессиясы (2-бет).
МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЖАН-ЖАҚТЫ ӨРКЕНДЕТЕЙІК: М. Мәкенов, Т. Төкенов.—Мал шаруашылығына көңіл бөлмейтін басшылар. З. Қаскеев.—Өркендеу жолында (3-бет).

В. Дединов.—Иван Рудскойдың бригадасында (3-бет).
М. Серғалиев.—Оны өсірген еңбек (3-бет).
В. М. Молотовтың Москваға қайтып келуі (4-бет).
И. Подкопаев.—Вьетнам халқының тәуелсіздік және бейбітшілік жолындағы күресі (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Кәсіподақ ұйымы—социалистік жарысты ұйымдастырушы

Кәсіподақ ұйымы коммунизм мектебі болып саналады. Ол еңбекшілерге ең жақын бұқаралық ұйымдардың бірі. Сондықтан да Коммунистік партия кәсіподақ ұйымдарына ерекше көңіл бөліп, үздіксіз басшылық жасаумен қатар, олардың ұйымдастырушылық ролін арттырып келеді.

Еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде, оларға туысқандық қамқорлық жасауда кәсіподақ ұйымдарына зор міндет жүктеледі. Кәсіподақ ұйымдары өзінің әрбір мүшелерінің, демек, әрбір жұмысшының, қызметшінің өз участогінде еңбек өнімділігін еселеп арттырып, жоғарғы көрсеткіштерге жетуіне қолайлы жағдай жасауға келелі үлес қосуға тиіс. Мұның өзі кәсіподақ ұйымдарының еңбекшілер бұқарасымен тығыз байланыс жасап отыруын, олар арасында күнбе-күн жұмыс істеуін керек етеді.

Партия мен үкмет социалистік экономиканың негіздерінің негізі— ауыр өнеркәсіпті онан әрі өркендету арқылы ауыл шаруашылығын да күшті қарқынмен өрге бақтыруға зор көңіл бөліп және көңіл бөліп те отыр. Бұл жауынгерлік міндетті жүзеге асыруда кәсіподақ ұйымдары да жетекшілік роль атқаруға тиіс. Олар өздерінің барлық жұмыстарын кәсіпорындарының, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың өндірістік тапсырмаларды мерзімінде толық және артығымен орындауларына бағыттап жүргізуге міндетті.

Халық шаруашылығының барлық саласында социалистік жарыс туын жоғарғы көтеріп, оны кеңінен өрістетуде кәсіподақ ұйымдары ұйымдастырушы рана болып қоймай, оны жүзеге асырушы да болып саналады. Ал социалистік жарыс— коммунистік құрылыстың сыналған әдісі. Социалистік жарыс еңбекшілердің творчестволық белсенділігін арттырады. Өндірістік жұмыстарда артта қалып қойғандарды алдыңғы қатарлыларға теңеуге ынталандырады. Еңбектің өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын арзандатуға, резервтерді толық пайдалануға, материалдарды үнемдеуге жігерлендіреді.

Міне, мұның барлығы біздің облыстың

300-ден астам жұмысшылар мен қызметшілер болса, оның 99,2 проценті кәсіподақ мүшесі. Кәсіподақ мүшелерінің көпшілігі механизаторлар. МТС-те сегіз трактор бригадасы бар. Оларда жұмыс істейтін механизаторлар саны 260 адам. Жұмысшылар комитеті (председателі В. Быков жолдас) трактор бригадаларында кәсіподақ топтарын ұйымдастырған. Бұл топтар механизаторлар арасында социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуын ұйымдастырып отырады. Жарыстың барысын үнемі тексерудің нәтижесінде МТС-те механизаторлардың творчестволық белсенділігі артауда. Кәсіподақ мүшелері, тракторшылар: Д. Галкин, Н. Маркенинко, П. Райгер жолдасстар пар жыртуда, шөп шабуда тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді.

Бірақ, істің жайы барлық жерде бірдей деуге болмайды. Москворецк, Ленин атындағы совхоздардың, Майбалық, Шағлы МТС-терінің кәсіподақ ұйымдары социалистік жарыстың орындалуын ұйымдастырып отырмайды. Озат жұмысшылардың іс тәжірибелерін насихаттау, олардың жақсы бастамаларын қолдау сияқты мәселелерге жете назар аудармайды. Жұмысшылардың тұрмыстық және мәдени қажеттерін өтеуге де ұқыптылықпен қарамайды. Кәсіподақ мүшелерінің дабылына көзінде күлақ аспайды. Осының барлығы бұл шаруашылықтардағы кәсіподақ ұйымдарының еңбекшілер бұқарасымен байланысын нашарлатып отыр. Ал мұның шаруашылық міндеттердің орындалуына кері әсері тимей отырған жоқ. Аталған совхоздар мен МТС-терде егін жыйнауға өзіндіктің барысы өте баяу. Шөп шабу, оны жыйнау жұмыстарының да қарқыны мез емес.

Майбалық МТС-індегі жұмысшылар комитетінің (председателі Моисеенко жолдас) социалистік жарысты өте нашар ұйымдастырып отырғандығын айтағанның өзінде кәсіподақ ұйымының ішкі жұмыстарын да дұрыс жүргізбей келеді. Мұнда ұйымның жыйналысы сирек өткізіледі. Кәсіподақ топтарын ұйымдастырғанмен олардың жұмысына нақтылы басшылық жасалмайды. Бірақ осының барлығына

Облыс колхоздары мен совхоздарында жемшөп дайындаудың, траншеялар қазудың, тың көтерудің барысы туралы

5 ИЮЛЬДЕГІ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША
(Жоспардың орындалу проценті)

МТС-тер	Шөп шабу		Траншеялар қазу		
	Шөп шабу	Траншеялар қазу	МТС-тер	Траншеялар қазу	
Суворов	78,6	54,5	Асанов	47,0	53,0
Торангүл	72,3	59,5	Приешім	46,6	26,1
Образцовая	71,1	39,4	Пушкин	46,5	54,4
Ново-Георгиев	66,5	65,7	Шағлы	45,3	63,1
Вильямс	66,3	84,4	Соколов	44,9	38,2
Тимирязев	62,3	76,5	Боновалов	44,4	44,6
Налобин	62,1	36,2	Чистянь	41,4	61,1
Чапалаев	59,5	45,8	Ленин	39,5	17,1
Николаев	54,7	67,2	Совет	39,1	59,8
Ворошилов	53,7	87,0	Ильич	38,9	47,8
Полудень	53,0	57,3	Баян	35,6	43,1
Булаев	49,2	36,7	Куйбышев	35,3	36,6
Семиполка	48,7	42,2	Майбалық	33,9	26,3
Интернационал	48,3	26,1	Калинин	33,2	44,6
Преснов	48,2	61,9	Сартомар	20,9	44,0
Петропавл	47,8	17,2			

Совхоздар	Шөп шабу			Совхоздар		
	Шөп шабу	Дайындалған пішін	Жыл басынан көтерілген тың	Шөп шабу	Дайындалған пішін	Жыл басынан көтерілген тың
Жданов	86,8	50,7	—	Тамань дивизиясы		
Мамлют	84,1	42,2	8,0	атындары	31,5	9,0 108,2
Интернационал	81,4	3,2	—	Докучаев	26,2	12,3 60,5
Явленка	76,1	22,5	100,0	Узынкөл	26,0	7,6 80,9
Возвышен	72,9	14,7	71,1	Аманкелді	24,6	4,1 55,5
Преснов	67,3	16,0	43,1	Хрущев	23,9	10,8 63,5
Буденный	63,1	10,2	49,5	Ленин	23,5	1,7 78,2
Шағлы	63,0	13,7	200,0	Қызылөскер	23,4	6,0 63,7
Чистов	60,3	20,6	66,0	Ешім	22,7	— 107,1
Қыялы	53,9	10,7	5,0	Москворецк	21,4	4,8 191,2
Маленков	52,0	5,5	—	Заря	20,5	3,7 106,3
Торангүл	47,6	6,4	17,0	Ильич	17,8	17,8 120,5
Қарағанды	46,9	2,1	23,6	Марьевка	13,9	— 92,6
Приешім	40,4	9,2	19,2	Булаев	12,9	2,6 —
Степной	37,8	11,5	46,7	Молодежный	11,3	— 83,7
Токшын	37,3	14,8	52,1	Тимирязев	10,4	4,0 48,0
Октябрь	36,8	3,2	28,7	Жамбыл	8,8	1,7 39,7
Петропавл	35,6	12,5	—	Дзержинский	3,7	— 100,0
Совет	32,8	5,7	85,4	Украин	8,3	1,5 100,0

Облыс колхоздары мен совхоздарында мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсырудың және сатудың барысы туралы

1 ИЮЛЬДЕГІ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША

(Бірінші жартыжылдық жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Сүт тапсыру	Ет тапсыру	Жұмыртқа тапсыру	Жүн тапсыру
Полудень	144,5	156,2	10,2	101,8
Петропавл	133,6	143,2	29,8	79,0
Конюхов	106,8	179,1	25,4	135,5
Соколов	103,6	145,6	17,5	85,3
Булаев	98,4	156,3	7,9	113,2
Мамлют	75,7	113,0	14,9	67,5
Преснов	69,6	123,4	14,0	71,0
Приешім	66,7	151,9	10,1	104,3
Совет	66,2	51,4	19,0	56,8
Ленин	64,1	105,8	8,1	95,9
Октябрь	50,6	129,3	5,3	81,9

Совхоздар	Сүт тапсыру			Совхоздар			
	Сүт тапсыру	Ет тапсыру	Жүн тапсыру	Сүт тапсыру	Ет тапсыру	Жүн тапсыру	
Украин	129,5	—	—	Торангүл	50,0	88,9	—
Ешім	88,0	—	—	Докучаев	48,0	—	—
Мамлют	81,8	81,9	—	Приешім	46,2	37,9	47,7
Қарағанды	73,6	60,6	—	Жамбыл	43,7	—	—
Преснов	73,1	25,3	81,1	Степной	37,2	54,5	98,3
Чистов	70,9	39,2	106,1	Қызылөскер	36,8	75,0	64,8
Узынкөл	70,7	153,4	189,9	Жданов	34,0	—	—
Петропавл	69,3	61,0	—	Октябрь	31,5	101,1	38,9
Совет	66,9	43,6	102,6	Хрущев	29,5	—	—
Қыялы	64,6	46,6	92,0	Дзержинский	20,0	—	—
Возвышен	64,1	80,5	85,7	Тимирязев	3,2	—	—
Шағлы	63,7	13,0	104,4	Аманкелді	—	72,0	—
Явленка	59,1	75,1	—	Москворецк	—	—	—
Токшын	58,9	61,6	—	Маленков	—	—	—
Буденный	51,3	6,1	74,5	Интернационал	—	—	—

Украин	129,5	—	—	Торангүл	50,0	88,9	—
Ешім	88,0	—	—	Докучаев	48,0	—	—
Мамлют	81,8	81,9	—	Приешім	46,2	37,9	47,7
Қарағанды	73,6	60,6	—	Жамбыл	43,7	—	—
Преснов	73,1	25,3	81,1	Степной	37,2	54,5	98,3
Чистов	70,9	39,2	106,1	Қызылөскер	36,8	75,0	64,8
Узынкөл	70,7	153,4	189,9	Жданов	34,0	—	—
Петропавл	69,3	61,0	—	Октябрь	31,5	101,1	38,9
Совет	66,9	43,6	102,6	Хрущев	29,5	—	—
Қыялы	64,6	46,6	92,0	Дзержинский	20,0	—	—
Возвышен	64,1	80,5	85,7	Тимирязев	3,2	—	—
Шағлы	63,7	13,0	104,4	Аманкелді	—	72,0	—
Явленка	59,1	75,1	—	Москворецк	—	—	—
Токшын	58,9	61,6	—	Маленков	—	—	—
Буденный	51,3	6,1	74,5	Интернационал	—	—	—

Өткен жылға қарағанда быйыл мемлекетке сүт тапсырудың және сатудың барысы нашар болып отыр. Бірқатар аудандардың колхоздары сүт дайындаудың қарқынын мүлдем төмендетіп жіберген. Әсіресе Совет, Приешім, Преснов аудандарының колхоздары өткен жылға қара-

шар. Колхоз, совхоз басшылары осы уақытқа дейін бұл жұмыстың жайын жақсарту мәселесін ойластырмай келеді. Егер ауылшаруашылық және дайындау органдарының қызметкерлері, сол сияқты колхоз, совхоз басшылары мал шаруашылығы өнімдерін дайындау мәселесі-

тәжірибесінен де көрініп отыр. Социалистік жарыс шын мәнінде кеңінен өріс алған жерлерде өндірістік тапсырмалардың орындалуы да жақсы. Мәселен, қаладағы шойын құю-таразы зауытының слесарі Урванцев, тоқарі Измайлов, үлгі құюшысы Громматчикова жолдастар өменалық тапсырмаларын екі-үш есеге дейін орындайды. Бұл заводта социалистік жарыс кең өріс алған. Көзір завод алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бірінен саналады. Мұнда өнім шығару, өнімнің өзіндік құнын кеміту, материалдарды үнемдеу міндеттері ойағыдай орындалып келеді.

Осы сыяқты озаттар ауыл шаруашылығында да аз емес. Мысалға Мамлют тұқымдық мал совхозын алайық. Бұл совхоздың коллективі мал басын көбейтуде, оның тұқымын асыздандыруда, мал шаруашылығы өнімділігін арттыруда жоғарғы көрсеткіштерге ие болуда. Бұл іске кәсіподақ ұйымы зор үлес қосып отыр. Кәсіподақ ұйымы барлық бөлімшелерде социалистік жарысты ұйымдастырумен қатар оның орындалуын үнемі тексеріп отырады. Жарыстың қорытындысына коллективтің жыйналысында талқылауды ұйымдастырып, істегі кемшіліктерді жою шараларын белгілейді. Озаттардың тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдырады. Осы сыяқты ұйымдастыру жұмыстары совхоздың озат шаруашылыққа айналуына мүмкіншілік туғызып отыр.

Тимирязев атындағы МТС-те барлығы

Лениногор комбинатының рационализаторлары

ЛЕНИНОГОР, (ҚазТАГ). Лениногор полиметалл комбинатының кәсіпорындарында творчестволық ойы өндіріс процестерін жетілдіруге, еңбек жағдайын жеңілдетуге, механизмдерді алағұрлым жақсы пайдалануға бағытталған жүздеген рационализаторлар мен өнертапқыштар бар. Жаңашылдар Майер, Савельев және Норинский жолдастар жаңа бұрғылау станогінің конструкциясын жасады, бұл станок Лениногор рудниктерінде кеңінен тарайды. Жаңа станок пайдалануға ыңғайлы блоктарды құлатып түсіруге өзіндікпен кезде сиважиналар проходкалауды жеделдетеді. Өнертабыс комбинатының жыл сайын бір миллион сомдай қаржы үнемдеуіне мүмкіндік береді.

Металл қорытудың технологиясы же-

АЛМАТЫДАҒЫ СПОРТ ЛЕКТОРИЙ

Алматыдағы спорт лекторийі «Олимпиадалық ойындар—дүние жүзінің ең күшті спортшыларының жарысы» деген лекция оқумен ашыды. Лекторийдің қалалық комсомол комитеті және физкультура мен спорт жөніндегі қалалық комитет ұйымдастырды. Лекторийдің мақсаты—жігіттер мен қыздарды физкультурамен және спортпен шұғылдануға бұрынғыдан да көп

Мойсеенко жолдас немеретті қарайды. Әріне бұған төзуге болмайды.

Көзір ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдында әрі күрделі, әрі жауапты міндеттер тұр. Ол—мал шаруашылығын жаңа міндеттер дәрежесіне сай өркендету үшін жемпөң қорын молайту. Бұл шөп шабу, оны жыйнау, мал қораларына тасу жұмыстарын үлгілі жүргізу, сүрлем салатын траншеялар мен орларды толық әзірлеу, мал қораларын жөндеу және жаңадан салу жұмыстарын тез аяқтау керек деген сөз. Мұнымен бірге егін жыйнауға барлық жағынан тыңғылықты әзірлену қажет. Егінді ысырапқа ұшыратпай кезінде жыйнап алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын ойағыдай орындап шығу—саяси және шаруашылық маңызы бар үлкен міндет. Кәсіподақ ұйымдары бұл шаруашылық міндеттерді жүзеге асыруда ұйымдастырушы болуға тиіс.

Еңбек ұйымдастыруда, еңбекте жоғары көрсеткіштерге жетуде, еңбекшілердің творчестволық белсенділігін арттыруда социалистік жарыстың зор ролі бар дедік. Олай болса, кәсіподақ ұйымдары шаруашылықтың барлық саласында да социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, жарыстың барысын үнемі тексеріп, бақылап отыруға, жарыста артта қалып қойғандарды алдыңғы қатарлыларға теңеуге, сөйтіп жампай еңбек өрлеуін туғызуға міндетті.

тілдірілуде. Жұмысшылар және инженер-техник қызметкерлер быйылғы жылы 17 ұсыныс енгізді, олар заводқа 200 мың сомдай қаржы үнемдеп берді. Байыту фабрикаларының бір топ қызметкерлері кен жабдықтарын конструкциялау бюросының қызметкерлері Басалов, Холдин, Бобров, Коробко және Лыков жолдастар мен бірге бұған дейін жиі-жиі істен шығып қалып отырған транспортердің құрылысына өзгерістер енгізді. Жетілдірілгеннен кейін транспортерлер ақаусыз жұмыс істейтін болды. Оны басқаратын қызметкерлердің саны азайды.

Үстіміздегі жылы комбинаттың жұмысшыларынан, инженерлері мен техниктерінен 400-ден аса рационализаторлық ұсыныстар түсті.

қамту; жас спортшылардың ССРО халықтары спартакиадасына әзірленуіне көмектесу.

Лекторийдің программасында «ГТОның жаңа комплексі және спортшылары тәрбиелеуде атқаратын оның ролі», «Советтік гимнастика мектебі—дүние жүзіндегі озат мектеп» және басқа тақырыптардағы лекциялар бар. (ҚазТАГ).

ра жатса да колхоздарда және совхоздарда бұл жұмыстың барысы айтарлықтай емес. Облыс МТС-терінің бірде бірі шөп шабудың өткен бескүндікте тағайындалған тапсырмасын орындай алған жоқ. Мұның өзі МТС, колхоз басшыларының шөп шабуға қолда бар мүмкіншілікті әлі де болса толық жұмылдыра алмай отырғандықтарын көрсетеді. Тіпті кейбір МТС-терде шөп шабу қарқыны өткен бескүндіктегіден де төмендеп кетті. Калинин атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздар 25 июльнен 1 июльге дейін 2635 гектар шөп шапса, өткен бескүндікте небары 198 гектар ғана шөп шапты. Осының салдарынан МТС-те бескүндік тапсырма небары 3,6 процент

торы Елкин жолдастың іске нашар басшылық жасағандығын көрсетеді. Облыс совхоздары жөнінде де осыны айтуға болады.

Траншеялар қазу жөніндегі айлықтың аяқталуына небары бір бес күн ғана қалды. Солай бола тұрса да колхоздарда траншеялар қазу жұмысының тең жартысы да орындалған жоқ. Жекелеген МТС-тердің басшылары бұл істе мүлдем жауапсыздыққа жол берген.

Колхоздар мен совхоздардың және МТС-тердің басшылары шөп шабудың, траншеялар қазудың, тың көтерудің барысын да кемшіліктерден нақтылы қорытынды шығарып, істегі кемшіліктерді батыл жоя білулері керек.

ген центнер кем тапсырды. Мұның өзі жергілікті партия, совет ұйымдарының, ауылшаруашылық, дайындау органдарының сүт тапсыру жұмысына нақтылы басшылық жасай алмағандығын көрсетеді.

Сол сыяқты жеке шаруашылықтардың мемлекетке сүт тапсыруы тыңғылықты ұйымдастырылмай отыр.

Облыс колхоздарында, сондай-ақ, жеке шаруашылықтарда мемлекетке ет тапсырудың жартыжылдық жоспары толық орындалды. Дегенмен ет есебіне тапсырылған малдардың қондылығы төмен болғандығын айта кету керек. Колхоздарда және совхоздарда мемлекетке міндетті жұмыртқа тапсырудың жайы өте-өте на-

істе жақсы нәтижеге ие болу сөзсіз екендігін Көнюхов ауданы колхоздарының іс тәжірибелерінен айқын көруге болады. Мұнда мемлекетке ет, сүт, жүн тапсырудың және сатудың жартыжылдық тапсырмасы артығымен орындалды.

Көзір мал шаруашылығы өнімдерін мемлекетке тапсырудың және сатудың шешімі кезеңі туды. Сондықтан колхоздар мен совхоздардың барлық мүмкіншіліктері бұл жұмыстың барысын шұғыл жақсартуға жұмылдырылуы қажет. Партия, совет, комсомол ұйымдары мен ауылшаруашылық және дайындау органдарының бұл іске оперативті басшылық жасауға тиіс. Сонда ғана мал шаруашылығы өнімдерін көптеп дайындауға болады.



Туған елімізде



Суландырудың жаңа техникасы мәселелері жөніндегі кеңес

ТАШКЕНТ, 6 июль (ТАСС). Бес күн бойына Ташкентте мақта егісін суландырудың жаңа техникасы жөнінде кеңес өтті, кеңесті Өзбек ССР Ғылым академиясы шақырды. Оның жұмысына Өзбекстанның сол сыяқты Россия Федерациясының Қазақстанның, Тәжікстанның және Түрікменияның әртүрлі ғылыми мекемелерінің өкілдері, ауыл шаруашылығы мен шаруашылығының мамандары қатысты.


Кеңеске қатысушылар егіс алаңын суландыру техникасын негізінен жетілдіруге бағытталған бірқатар ұсыныстарға жан-жақты талдау жасады. Өзбекстанның жаңбыр жаудыру станциясының тәжірибе алаңында, Қазақ ССР-нің «Пахта-Арал» совхозында және Бұхара облысының бірқатар колхоздарында орнатылған жаңбыр жаудыратын установкаларды қолданудың нәтижелері туралы хабарлар зейін сала тыңдалды.

Жаңбыр жаудыратын агрегаттарды қолдау суару үшін жұмсалатын судың

шығынын азайтады. Суландырудың жаңа әдісіне көшу суландыру құрылысына көп күрделі қаржы жұмсамай-ақ суармалы егіс алаңын анағұрлым кеңейтуге мүмкіндік береді, әзірше өркендеген суару жүйесі жоқ жаңа аудандарда мақта егісін орналастыру жөніндегі жұмыстарды айтарлықтай дәрежеде арзандатады, жаңбыр жаудыруды пайдаланса орасан көп қаржы жұмсауды және көптеген техниканы жұмысқа қосуды керек ететін ірі жоспарлау жұмыстарын жүргізбеуге де болады.

Сонымен бірге, оқымыстылар мен конструкторлар егін суару машиналарын онан әрі жетілдіруге күш жұмсауға тиіс екендіктері атап көрсетілді. Қолдан жаңбыр жаудыратын кеңалымды агрегатты жасау және оны сериялап өндіру туралы мәселенің толғағы жетті.

Кеңес мақта егісін суландыру техникасын жетілдіру жөнінде нақтылы ұсыныстар жасады.



Ленинград. Свердлов атындағы станок жасау зауыты жуырда ірі бөлшектерді өндіруге арналған үлкен екі электрлі-көшірмелі «ЛР—63» типті станогін жасауды аяқтады.

СУРЕТТЕ: жаңа электрлі-көшірмелі фрезер станогін бабына келтіру.


(ТАСС-тың фотохроникасы).

Мол өнім

СТАЛИНГРАД, 6 июль (ТАСС). Котельников МТС-нің комбайншысы П. Славянин Сталин атындағы колхозда бір күнде 40 гектар күздік орып, 4 мың пұт астық бастырды.

Осы аудандағы комбайншылар С. Чебаков, А. Литвинов және басқалары күздік бидайдың әр гектарынан 120 пұт астық бастыруда.

(ТАСС).



Киевтің «Красный экскаватор» зауытының тоқарі В. Семинский соңғы жылдар ішінде еңбек өнімділігін арттыратын және өнім сапасын жақсартатын 50-ден астам құрал-саймандар мен бейімделген тетіктер жасап шығарды.

СУРЕТТЕ: жаңашыл тоқарь В. Семинский.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

Куйбышев СЭС-нің төменгі шлюзінде

КОМСОМОЛЬСЬ ПОСЕЛКЕСІ, (Куйбышев облысы), 6 июль (ТАСС). Куйбышев СЭС-і құрылысындағы ең негізгі участоктердің бірі—су торабының кеме жүретін жүйесі. Бұл күндерде төменгі шлюзде ақырғы жұмыстар аяқталып келеді.

СОВЕТ МУЗЫКАСЫН НАСИХАТТАУ

6 июльде, композиторлардың Орталық үйінде совет музыкасын насихаттау мәселелері жөнінде кеңес ашылды. Оның жұмысына Москваның, Ленинградтың, Свердловскінің, Украинаның, Азербайжанның, еліміздің басқа да республикаларының концерттік ұйымдарының директорлары мен көркемдік жағын басқарушылары, симфониялық оркестрлері мен хорлардың дирижерлары, композиторлары, орындаушылары, музыка зерттеушілері, ССРО музыка хорының қызметкерлері қатысып отыр.

ССРО совет композиторлары Одағының секретары, ССРО Мәдениет министрлігінің коллегия мүшесі Д. Б. Кабелевский кеңесті ашып, біздің елімізде советтік музыканы насихаттаудың маңыздылығын атап көрсетті.

Концерттік ұйымдардың совет музыкасын насихаттау туралы ССРО Мәдениет министрлігінің музыка мекемелері бөлімінің бастығы А. А. Колобилин баяндама жасады.

Кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысты ұйымдастыруда жетекші роль атқаруға тиіс

Еңбек ұйымдастыру — маңызды міндет

МТС-нің механизаторлары арасында еңбек ұйымдастыру ісінде кәсіподақ ұйымы зор роль атқарып келеді. Егер МТС-те 300 адам жұмыс істейтін болса, оның 99,2 проценті кәсіподақ мүшесі. Сондықтан жұмысшылар арасында ұйымдастыру жұмысымен еңбекшілердің шұғылданатын кәсіподақ ұйымы болып отыр.

Біздің МТС 7 колхозды қамтыды. Оларда 8 трактор бригадасы жұмыс істейді. Бригадаларда кәсіподақ тобы ұйымдастырылды.

Еңбек ұйымдастырудың толып жатқан жолдары бар. Солардың ішінде ең негізгілері: әркімнің өз ісін техникасын меңгеруіне жетісу, олардың күнбе күн атқаратын міндеттерін алдын-ала хабарлап білдіріп отыру, жұмыс орнының қажетті материалдардың жеткілікті болуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар социалистік жарысты ұйымдастырып қана қоймай, оның орындалуын ұйымдастыру, ол үшін жұмыстың барысын үнемі тексеріп, жарыстың нәтижесін шығарып отыру. Жарыс қорытындысын жәреткілі тақтасына, қабырға газетіне жазу, өндірістік жыйналыстарда талқылау. Озаттардың тәжірибелерін насихаттап, артта қалып қойғандарды алдыңғы қатарлыларға теңеу. Жұмысшылар комитеті еңбек ұйымдастыруда өзінің жұмысын осы негізде жүргізіп келеді.

Біз социалистік жарыстың барысын үнемі тексеріп отырамыз. Көктемгі егіс кезінде И. Лямкин жолдас басқарғач трактор бригадасы социалистік жарысқа артта қалып қойды. Кәсіподақ ұйымы бұл бригаданың артта қалып қою себебін зерттеп, тексеріп білді. Содан кейін оны бригаданың өндірістік жыйналысында талқылады. Жыйналысқа бригада мүшелері белсене қатынасып, кемшіліктің бетін өздері ашты. Жұмысты нашар істеген тракторшы Шубыкин сыяқты жолдастарды батыл сынады. Бұл жыйналыс бригадаларға үлкен әсер етті. Кәзір бригада мүшелері жұмысты жақсы істейді.

Техника қуатын пайдалануда тракторшылар Д. Галкин, Н. Маркенецко, П. Раффер жолдастарда да едәуір кемшіліктер кездесті. Бұлар жөнінде де өндірістік жыйналыста әңгіме болды. Кәзір бұл жолдастар шөп шабу және шабылған шөпті жыйнау жұмыстарында істейді. Бұл жұмыстарда техника қуаты өнімді пайдаланылып келеді. Шөпті шабу, оны жыйнап, маяға салу, мал қоралары жанына тасудың араларында алшақтықтың болмауы үшін күрес күшейе түсті. Әзірге шөп шабу, жыйнау, маяға салу сапасы

Кәсіподақ ұйымы және социалистік жарыс

Совхоз өткен жылы жоспар бойынша 21 мың гектар тың және тыңайған жерлерді қотеруге тиіс болса, оны 22 мың 334 гектар егін, аброймен орындап шықты. Сөйтіп быйылғы көктемде дайын жерге 22 мың гектарға егін себілді. Мұның 21 мың гектары аса бағалы дақыл — бидай егісі болды.

Бұл күндері біздің ерекше көңіл бөліп отырған мәселеміз — егінді ысыраққа ұшыраппай, қысқа мерзімде жыйнап алуға жан-жақты әзірлену. Бұл мәселе совхоз коллективінің өндірістік жыйналысында да талқыланды. Жыйналыста механизаторлар барлық егінді 15 жұмыс күнінде жыйнап бітіруге, мемлекетімізге екі миллион пұт астық тапсыруға міндеттеме алды.

Осы көтеріңкі міндеттемені іс жүзінде орындап шығу үшін комбайндарды, оған тіркелетін құралдарды, тракторларды және басқа да машиналар мен саймандарды жеткілікті мөлшерде, толық дайындаудың шешуші роль атқаратыны мәлім. Бізге быйылғы егінді жыйнауға 76 комбайн керек еді, ал оның дені кәзірдің өзінде бар. Жоқ комбайнды егін жыйнау басталғанша алғалы отырмыз. Жаңа келген комбайндарды, тіркеу құралдарын құрастыру жұмысы бөгелтілмей, қолма-қол жүргізіліп келеді.

Астық қоймаларын, ашық және жабық қырмандарды салуда да бірқатар жұмыс істелді. Сыйымдылығы 3200 тонналық екі қойма, 1500 тонналық екі жабық қырман салынып жатыр. Көп ұзамай бұлардың құрылысы аяқталады. Ашық қырмандар әрбір бөлімшеде қажетінше дайындалатын болады. Совхоздың орталығы — Майбалықта және бірінші бөлімшеде автотаразы орнатылуда.

Әрине, егіннен мол өнім алу тағдыры өзіңінен шешілейді. Ал оны ұйымдастыруда кәсіподақ ұйымына зор міндет жүктеледі. Өйткені коллективтің басым көпшілігі кәсіподақ мүшелері. Мәселен,

ЖАРЫСТЫҢ ӘСЕРІ

Тың және тыңайған жерлерді игеруге үстіміздегі жылдың март айында Молдавиядан 200-ден астам жастар келді. Бұл жаңа құрылған совхоздың тұңғыш кадрлары еді.

Көктемгі егіске шығар алдында олар бригадаларға бөлінді. Сөйтіп, әрбір бригада және бригада мүшелері егісті қысқа мерзімде, жоғары сапада өткізу үшін өзара

бізде кәзір жұмысшылар мен қызметшілердің саны 375 адам болса, соның 238-і кәсіподақ мүшесі.

Міне, сондықтан да біздің кәсіподақ ұйымы өзінің барлық жұмысын жұмысшылар арасында еңбекті дұрыс ұйымдастыруға, социалистік жарысты өрістетуге, жұмысшыларға материалдық жағдайларды жасауға, оларды мәдениетті қамтуға бағыттап отырады.

Біздің совхоз Тамань дивизиясы атындағы совхозбен социалистік жарысқа түскен болатын. Көктемгі егіс кезінде Тамань дивизиясы атындағы совхоздың үкілі бізге келіп, егіс жұмысының барысын, сапасын тексеріп кетті. Біз оларға егін жыйнауға өзіндікті тексеруге барғаны отырмыз. Екі совхоз арасындағы мұндай тексеру, байқау ісі еңбектің өнімділігін арттыруға көп ықпал етіп келеді.

Совхозымыздың барлық бөлімшелерінде, трактор бригадаларында, құрылысшылар мен мал күтушілері арасында социалистік жарыс шарты жасалғанды. Партия ұйымының басшылығымен кәсіподақ ұйымы жарыста қабылданған міндеттемені орындауын ұйымдастырып отырады. Бұл іске кәсіподақ активтері: Н. Петров, Д. Уахманин, Г. Тарасенко, А. Спарин, А. Останин сыяқты жолдастар белсене қатысады.

Егіс кезінде социалистік жарыста Н. Дейнега жолдас басқарған № 3 бригада озып шығып, совхоздың ауыспалы қызыл туын алды. Бұл бригада егін жыйнауға әзірлікте де алда келеді. Ал басқа бригадалар да жарыста қалып қоймау үшін күресуде.

Біздің кәсіподақ ұйымы социалистік жарысты өрістетуге береді. Сөйтіп, совхоздың жаңа табыстарға жетуіне өз үлесін қосады.

И. ПАНКОВ,

Булаев астық совхозы жұмысшылар комитетінің председатели.

Құрылыс жұмысын өрістетуге берейік

Молодежный совхозы облыстағы жаңа совхоздардың бірі. Алғашқы кезде бұл совхозға Украинаның Киев, Черкассы, Чернигов облыстарынан және басқа да республикаларынан барлығы 485 патриот келді. Кәзір тың игеруге келушілердің саны көбеюде.

Өткен қыс мұнда тұрғын үй болмады. Патриоттар вагондарда қыстап шықты. Үстіміздегі жылы тұрғын үй салу ісі қызу жүріп жатыр. Быйыл совхоз орталығында төрт пәтерлі 15 үй, үш пәтерлі 2 үй, екі пәтерлі 11 үй, сегіз пәтерлі бір үй және аурухана, асхана, магазин салынып, пайдалануға берілуге тиіс.

Кәзірдің өзінде төрт пәтерлі 10 үй пайдалануға берілді. Оларда совхоздың алдыңғы қатарлы механизаторлары, мамандары тұрады. Жақын арада аурухана және магазин үйі жұмысқа қосылады. Августтың біріне дейін 80 адамдық асхана пайдалануға беріледі.

Партияның шақыруы бойынша келген 70 семья өздерінің жеке меншігіне үй салуға тілек білдірді. Олардың тілегі орындалды. Жеке меншігіне үй салушыларға несиеге 90 мың сом қаржы босатылды. Кәзір құрамында 12 адам бар екі құрылыс бригадасы жұмыс істейді.

Құрылыс бригадалары жұмысқа кірісер алдында бір-бірімен социалистік жарысқа түсіп, көтеріңкі міндеттемелер алды. Рубин жолдас басқарған құрылыс бригадасы сменалық тапсырмасын 120-125 проценттен орындап жүр. Ал Колесников жолдас басқарған бригада құрылыс материалдарын дайындауда қабылданған міндеттемесін орындап келеді.

Айта кету керек, құрылыс бригадасындағы кәсіподақ тобының ұйымдастырушысы Петров жолдас ұйымдастыру жұмысын ойдағыдай жүргізуде. Ол күн сайын бригадалардағы социалистік жарыстың қорытындысын шығарып, тапсырманы кімнің қалай орындағандығын құрылысшыларға хабарлап отырады. Сондай-ақ, оны бригаданың өндірістік жыйналысында талқылауды ұйымдастырады, озаттардың тәжірибесін насихаттайды. Осындай көпшілік жұмыстары арқылы еңбек өнімділігін арттыруға көмектеседі.

Бұл күндері жеке меншігіне үй салушылар үшін салынатын 50 тұрғын үйдің фундаменти қаланды. Бұл үйлердің 90 проценті июль айында пайдалануға берілуге тиіс. Әрине, екі құрылыс бригадасына осыныңалдығы жұмысты қысқа мерзімде орындап шығу өте қиын. Осы-

С О В Е Т Қ У Р Ы Л Ы С Ы Жоспары бар, жұмысы жоқ селолық Совет

Жергілікті Советтердің сайлауынан кейін Николаевск селолық Советінің сессиясы болып өтті. Сессияда ұйымдастыру мәселесі қаралды. Мұнда селолық Советтің депутаттары төрт тұрақты комиссияның председателдерін және мүшелерін сайлады. Өткен жылдардағы кемшіліктер сыңар алынып, оны жою селолық Совет атқоміне тапсырылды. Міне, сол уақыттан бері бірқатар уақыт өтті. Селолық Совет атқомі сессия қаулысын орындады ма, бұрынғы кемшіліктерден, депутаттардың сын-ескершелерінен қандай қорытынды шығарды, міне, соған тоқталайық.

Селолық Совет атқомі сайлаушылардың аманаттарын есепке алып, оларды орындаудың жоспарын жасады. Бұл жоспар бойынша селолық Советке қарасты үш селолық пункттер жөғалдандырылып, қоғамдық мекемелер үйлерін жөндеуден өткізу, құдықтар қазу керек еді. Селолық Совет атқомі, оның председатели Федотов жолдас бар істі жоспар жасаумен тындырды. Ол жоспардың орындалуын ұйымдастырған жоқ. Соның салдарынан жоспарда көрсетілген селолық пункттерді жөғалдандыру, қоғамдық мекемелердің үйлерін жөндеуден өткізу, колхозаралық әйелдер босанатын үй салу жұмыстары қолға да алынбай, аяқсыз қалды.

Сайлаушылар селолық Советтің депутаттарына «Красный Октябрь», «Путь к коммунизму» колхоздарында электр станцияларын салуды, «Путь к коммунизму» колхозында радио торабын салуды тапсырған еді. Селолық Советтің депутаттар мен активтерге сүйене отырып, бұл аманаттарды ойдағыдай орындап шығуға толық мүмкіншілігі болды. Ама! не, айтылған сөз, жазылған қаулы іс жүзіне аспай, столдың үстінде, столжапқыштың астында қалып қойды.

Селолық Советтің тұрақты комиссиялары да әлі күнге шындап іске кіріскен жоқ. Бірде-бір комиссия жұмыс жоспарын жасап, комиссия мәжілістерін өткізбеді. Тұрақты комиссиялардың председателері өздеріне тапсырылған жауапты жұмысқа немқетті қарады. Депутаттардың және активтердің бағалы инициативаларын қолдап, оларды сессияларда қарауды ұсынады.

Жоқ құрылыс, сауда және байланыс жөніндегі тұрақты комиссияның председатели болып селолық Совет атқомі председателинің орынбасары депутат Н. Ищутин жолдас бекітілген еді. Ол басқа жұмыстарды былай қойғанның өзінде, өзі тұрақты «Красный Октябрь» колхозындағы жолды, көшелердегі бұзылған кішікөне көпірлерді жөндеуді де ұйымдастырған

председатели депутат Шишацкий жолдас та мардымды ештеңе істеген жоқ. Селолық Советтің қарауындағы колхоздарда шаруашылық жұмыстарының жайы, әсіресе, кәзіргі шөп шабу науқанының барысы айтарлықтай емес. Соған қарамастан ауыл шаруашылығы комиссиясы селолық Советтің сессиясына шаруашылық жұмыстарының жайы туралы бірде-бір мәселе қоя алмай отыр.

Селолық Совет атқомінің шаруашылық жұмыстарына басшылығы қанағаттанғысыз. Депутаттар мен активтер шаруашылық жұмыстарына белсене қатысып, бұқараға үлгі-өнеге көрсете алмай келеді. Сол сыяқты, селолық Совет атқомі социалистік жарысты кеңінен өрістетуге мәселесімен де қанағаттанғысыз шұғылданады. Оған күні осы уақытқа дейін селолық Советтің сессиясында шаруашылық жұмыстарының барысы, социалистік жарыс туралы бірде-бір мәселенің қаралмауының өзі-ақ толық дәлел бола алады.

Селолық Советтің сессиясы да мезгілінде өтіп отырмайды. Мәселен, жергілікті Советтердің сайлауы өткеннен бері небары екі рет ғана сессия өтті. Оларда ұйымдастыру мәселесі қаралып, быйылғы жылдың бюджеті бекітілді. Тіпті селолық Совет атқомінің мәжілістері де кезінде өткізілмейді.

Талдықорған облысының 28 гвардияшылар атындағы ауданының Панфилов атындағы ауылшаруашылық әртелі колхозшыларының республиканың барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне, МТС-терінің, совхоздары мен өнеркәсіп орындарының жұмысшыларына, барлық ата-аналарға арналған мектепке көмек көрсету, алдағы оқу жылына үлгілі әзірлену жөніндегі үндеуі де селолық Советтің қарауындағы бірде-бір колхозда талқыланған жоқ. Ал, селолық Советтің мектепке көмегі нашар. Мұндағы жетіжылдық мектеп пен екі бастауып мектеп жөндеуден өткізілмеген, олар қысқы отымен қамтамасыз етілген жоқ.

Селолық Совет атқомі жұмысының өз дәрежесінде емес екендігі аудандық Совет атқоміне өбден мәлім. Алайда, аудандық Совет атқомі, оның председатели К. Засыпкин жолдас Николаевск селолық Советінің жұмысын бақылауға алып, оған өз жұмысындағы кемшіліктерін жою жөнінде практикалық көмек көрсете алмай келеді. Аудандық Совет атқомінің қызметкерлері бұл селолық Советте тыл аз болады.

Николаевск селолық Советі атқомі, оның председатели Федотов жолдас Совет жұмысындағы мұндай елеулі кемшіліктерді жойып, Советтің депутаттары мен

жаман емес. Механизаторлар өндірістік жыйналыстан тиісті қорытынды шығара отырып, кәсіпкердің өнімділігін еселеп арттыруда.

Жұмысшылар арасында еңбек ұйымдастыру, социалистік жарысты өрістету — кәсіподақ ұйымының маңызды міндеті. Біз бұл міндетті аброймен жүзеге асыра отырып, МТС-тің ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда алдыңғы қатарда болуына жетісеміз.

В. БЫКОВ,

Тимирязев атындағы МТС жұмысшылар комитетінің председателі.

Жуырда кәсіпкерлердің облыстық Советінің кезектегі V пленумы болып өтті. Онда ауыл шаруашылығында социалистік жарысты өрістетуге тиіс туралы кәсіподақтарының облыстық Советінің председателі Е. Цимбал жолдастың баяндамасы тыңдалды.

Облыс еңбекшілері социалистік жарысты өрістетуде отырып, ауыл шаруашылығын өркендетуде едәуір табыстарға ие болды. Көктемгі егіс майдың 25-не дейін аяқталды. Өткен жылғымен салыстырғанда, облысымыздың колхоздарында 341 мың гектар, совхоздарында 417 мың гектар жаздық бидай артық себілді. Колхоздарда 36 мың 131 гектар, совхоздарда 11 мың гектар жерге жүгері себілді. Сөйтіп ауыл шаруашылығынан мол өнім алудың негізі қаланды.

Социалистік жарысты дұрыс ұйымдастыра отырып Суворов атындағы МТС-тің коллективі 10 күннің ішінде 26 мың гектар жаздық бидайды, оның ішінде 1454 гектар жүгеріні сеуіп шықты. Жданов атындағы астық совхозы да егісті уақытында аяқтады. Бұл табыс өзінен келген жоқ. Әрине, ол қажырлы еңбектің нәтижесі.

Суворов атындағы МТС-тің коллективі облысымыздың барлық МТС-терінің механизаторларын, барлық колхоздарының колхозшыларын, мал азығын қысқа мерзімде, мол егін дайындау, сүрлем салатын орындарды әзірлеу жөнінде социалистік жарысқа шақырып, үндеу қабылдады. Бұл үндеу қызу қолдау тапты. Кәсіпкерлер өздерінде шөп шабу, оны майлау, қыстауларға тасу жұмыстары кең өріс алды.

Бірақ жекелеген колхоздар мен совхоздарда егінді күту, егін жыйнауға әзірлік, шөп шабу, құрылыс салу жұмыстарында елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Бұл мәселеге баяндамашы көп көңіл бөліп, комитеттерге жол берген кейбір басшыларды әділ сынады.

Бірақтар колхоздарда жүгері күту нашар ұйымдастырылған. 25 июньге дейін МТС-тер бойынша жүгерінің 97,7 проценті башталса, совхоздарда 11 мың гек-

социалистік жарысқа түсті.

Егіс кезінде социалистік жарыстың қорытындысы бригадалар бойынша күн сайын, совхоз бойынша бес күнде бір рет шығарылды. Жарыстың қорытындысы көрсеткіш тақтасына, бюллетеньге жазылды. Озат бригадалардың және жеке бригада мүшелерінің жұмыс әдістерін көпшіліктің игілігіне айналдыруға баса көңіл бөлінді.

Жұмысшылар комитетінің июнь айының екісі күні болған жыйналысында егіс кезіндегі жарыстың қорытындысы шығарылды. Социалистік жарыста бірінші орынға В. Кравченко басқарған № 4

Кәсіпкерлер бригадасын жыйнауға дайындық жұмыстарын жүргізуде. Комитеттер, оларға тіркелетін құралдарды құрастыру аяқталды. Тракторлар дайын деуге болады. Астық қоймаларын, қырманарды салу жұмысы жүріп жатыр. Шөп шабу күннен-күнге өріс алуда. Бұл жұмыстарда да социалистік жарысты өрістетуге береміз. Мұның өзі жұмысшылар комитетінің басты міндеті.

П. ДОБРОХЛЕБ,

Марьевна совхозы жұмысшылар комитетінің председателі.

қашық бригадасын ұйымдастырды.

Коммунистік партия мен Совет үкметінің және тыңайған жерлерді игеруге келген патриоттарға зор қамқорлық көрсетіп, олардың ауыл шаруашылығында өнімді жұмыс істеуіне барлық жағдайды жасауда. Біздің міндетіміз сол мүмкіншілікті пайдалана отырып, быйыл совхоздың әрбір жұмысшысы мен қызметшісінің кең, жарық, сәнді үйлерде тұруына жетісу болып табылады.

С. СӨРСЕНБАЕВ,

Молодежный совхозы жұмысшылар комитетінің председателі.

малдарының жеткіліксіздігінен біраз астық шіріп кетті. Бұл колхоздарды быйыл

да өткен жылғыдай қаланың кейбір ұйымдары қамқорлыққа алған еді. Бірақ олар колхоздарға көмектеспей отыр. Колхоздарды қамқорлыққа алған қалалық ұйымдардың басшыларына өзіне жүктелген жұмысты ойдағыдай атқаруды кәсіподақтарының облыстық Советі талап етпей келеді. Бұл кемшілікті жою керек.

—Қаладағы құрылыс мекемесі біздің МТС-ті қамқорлыққа алып, — деді Булаев МТС-і жұмысшылар комитетінің председателі Чунин жолдас, — құрылыс жұмыстарын бастағалы жылдан асты. Бірақ үстемізделі жылдың ішінде бірде-бір құрылыс пайдалануға берілген жоқ. Құрылысшылар арасында социалистік жарыс ұйымдастырылмаған. Кейбір жұмысшылар жұмыс уақытында маскүнемдікке салынып, жұмыс істемей босқа жүреді. Мен бұл мәселе жөнінде кәсіподақтарының облыстық Советінің председателі Цимбал жолдасқа хабарладым. Дегенмен Цимбал жолдас менің хабарыма жауап бермей келеді.

—Көктемгі егіс түсында, — деді Торангүл МТС-і жұмысшылар комитетінің председателі Кабанов жолдас, — біздің МТС-ке облыстық партия комитетінің өкілі болып Цимбал жолдас келді. Мен Цимбал жолдасқа жұмысшылар комитетіне көп көмек көрсетеді ғой деп ойладым. Бірақ ол үмітім ақталмады. Ол менен социалистік жарысты ұйымдастыруды талап етудің орнына, мені № 9 трактор бригадасына өкіл етіп тағайындады. Сөйтіп жұмыстың қызу уақытында мен бір бригаданда отырып, басқа бригадандағы жұмыстың жағдайын біле алмадым.

Пленумда барлығы 13 адам сөз сөйледі. Пленумының жұмысына РКП облыстық комитетінің партия органдары бөлімінің меңгерушісі Корчажкин жолдас қатысып, сөз сөйледі.

Пленум ауыл шаруашылығында социалистік жарысты кеңінен өрістетуге жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС КЕҢІНЕН ӨРІСТЕТІЛСІН

(Кәсіподақтарының облыстық Советінің V пленумы)

тардың 9628 гектары ғана башталған. Овоцтың МТС-тер бойынша 20,5 проценті, совхоздар бойынша 5,7 проценті ғана башталып отыр. Совет ауданында жүгерінің деңі ескі жерге себілген. Сондықтан 2485 гектар жүгерінің 400 гектарында жүгері мүлдем шықпай қалған. Ал, 863 гектар жүгеріге арамшөп қалып кеткен. Бұл жөнінде едәуір дәрежеде МТС-тегі агрономдар кінәлі. Өйткені олар жүгеріні себу, күту жұмысына жауапсыз қарады. Мәселен, Совет МТС-нің бас агрономы Борзакосский жолдас «Аралғаш» колхозында жүгері егу жұмысына өзі басқарса да, оны көп кешіктірді. Сөйте тұрса да, «жүгері егу май айының 25 күні бітті» деп жалған мәлімет берді. Шынында мұнда жүгері егу 3 июньде біткен еді. Ақырында бұл колхозда 105 гектар жерге себілген жүгері шықпай қалып отыр. Осы жағдай Сартмар МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да болды.

Облыста мал басын өсіру, оның өнімділігін арттыру жөнінде де елеулі кемшіліктер бар. Октябрь ауданында күні бүгінге дейін қоғамдық мал өсірудің жылдық жоспары 81,4 процент, Мамлют ауданында 89,6 процент, Петропавл ауданында 83,6 процент, Преснов ауданында 81,1 процент, Приешім ауданында 87,5 процент ғана орындалған. Облыс бойынша өткен жылдың 1 октябрінен үстемізделі жылдың 1 июніне дейін бір сауын сығайран орта есеппен 518 литрден-ақ сүт алынды. Ал осы уақыттың ішінде бір сауын сығайран Приешім ауданында 400, Октябрь ауданында 418, Мамлют ауданында 452 литр сүт алынған.

Бізге мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда озаттар аз емес. Мамлют совхозында бірінші октябрінен бірінші июньге дейін әрбір сығайран орта есеппен — 2079 литрден, Тоқшыев совхозында — 1281 литрден, Чистов совхозында — 1073 литрден, Преснов совхозында — 1032 литрден сүт сауылды. Не пайда,

осылар сияқты озаттардың жұмыс әдісі әлі де терең насихатталмай отыр.

Баяндама бойынша жарысөзде сөйлеген жолдастар кәсіподақтары ұйымдарының социалистік жарысқа нашар басшылық жасап отырғандықтарын, ал кейбір басшы қызметкерлердің бұл жұмысқа мән бермей жүргендіктерін орынды сынады. Шаруашылықта болып отырған кемшіліктердің орын алуы да осыдан деді олар.

—Біз, — деді Тимирязев атындағы совхоз жұмысшылар комитетінің председателі Лосикова жолдас, — жыл басында Москворецкий совхозының коллективін социалистік жарысқа шақырдық. Москворецкий совхозы жұмысшылар комитетінің бұрынғы председателі Золотов жолдас жарыс шартын қабылдау үшін коллектив жыйналысын өткізуді ұйымдастыра алмады. Осы себептен біздің жіберген өкілдеріміз қайтып келді. Бұл мәселені ауыл шаруашылық қызметкерлері кәсіподақтарының облыстық комитеті де білді. Бірақ ондағылар да бізге көмек көрсете алмады.

—Біз, — деді ол бұдан кейін, — егісті 9 жұмыс күнінде бітірдік. Егіс кезінде социалистік жарыста озып шыққан 100-ге жуық адамға грамота беруге қаулы алдық. Бірақ бізде грамота болмады. Кәсіподақтарының облыстық комитетінен грамотаны сұрағанмызға екі айдан астам уақыт өтті. Алайда олар біздің тілегімізге құлақ асар емес.

РКП Приешім аудандық комитетінің Тимирязев атындағы МТС аймағындағы секретары Мусин жолдас жұмысшылар комитетінің жұмысындағы кейбір жетістіктермен бірге кемшіліктерді айта келіп, озаттардың жұмысын насихаттау үшін, социалистік жарыстың қорытындысын көрсететін облыстық бюллетень шығарудың қажет екендігін айтты.

—Өткен жылы, — деді Мусин жолдас, — Сталин және Ворошилов атындағы колхоздарда жабық қырманның, астық қой-

ма екенін ұмытып, депутаттар сенім тапсырған тұрақты комиссия жұмысын бетімен жіберген, сессия қарарын орындауды ескерусіз қалдырған. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы комиссиясының

ұйымдастырушылары болуына жетісуі тиіс.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Полудень ауданы.

Селолық Советтің сессиясы

Жақында Бескөл селолық Советінің (Петропавл ауданы), кезекті сессиясы болып өтті. Сессияға селолық Советтің депутаттарымен бірге, Петропавл МТС-нің басшылары, совхоз, мектеп директорлары және активтер қатысты.

Сессияда қоғамдық малға жемшөп дайындаудың барысы, мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жөнінде мәселелер қаралды. Жемшөп дайындаудың барысы жөнінде колхоз председателдерінің баяндамалары тыңдалды.

Баяндамашылар және жарысөзде сөйлеп отырғандар шөп шабу, жыйнау және жемшөп сүрлеу жұмыстарындағы кемшіліктерге баса тоқталды. Селолық Советтің қарауындағы колхоздарда әлі де болса, шөп шабу науқанының барысы айтарлықтай өріс алмай отыр. Ішкі резервтер толық пайдаланылмайды. Еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға МТС басшылары тиісті дәрежеде көңіл бөлмей келеді. Сондай-ақ, селолық Советтің депутаттары мен активтері де село еңбекшілерін жексенбіліктерге шығаруды, сөйтіп, шөп үю, жыйнау жұмыстарына, жемазықтық шырыпы жапырақтар дайындауды ұйымдастыра алмай келеді.

Селолық Советтің қарауындағы колхоз-

дардағы мектептерді жөндеу әлі шындал қолға алынған жоқ. Басқарма председателдері мектептерді жөндеу, оларды қысқы отынмен қамтамасыз ету ісіне көмектеспейді. Талдықорған облысының 28 гвардияшылар атындағы ауданның Панфилов атындағы ауыл шаруашылық артели колхозшыларының республиканың барлық еңбекшілеріне мектептерге көмек көрсету, жаңа оқу жылына үлгілі әзірлену жөніндегі үндеуі селолық Советтің қарауындағы жекелеген колхоздарда талқыланған жоқ.

Селолық Совет қаралған мәселелер бойынша тиісті қарар қабылдады. Сессияға қатысқан депутаттар мен активтер және мамандар техниканы сарқа пайдалануды, 20 июньге дейін шөп шабудың жоспарын орындауды, аптасына екі рет жексенбіліктер ұйымдастырып тұруды ұйғарды. Мұнымен бірге, селолық Советтің сессиясы 15 июльге дейін мектептерді жөндеуді аяқтау, қысқа мерзім ішінде оларды отынмен қамтамасыз ету жөнінде қаулы қабылдады. Сессия қабылданған қаулылардың орындалуын селолық Совет атқарушылар мен активтерден талап етті.

Б. ОМАРОВ.

Депутаттар инициативасымен

Қалалық Совет атқомінің жол-коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясы қаладағы монша-шаптаразы комбинатының жұмысын жақсарту жөнінде мәселе көтерді. Бұл мәселе жол-коммуналдық шаруашылық комиссиясы председателінің орынбасары депутат Омельчуктің және комиссия мүшелерінің инициативасы бойынша қалалық Совет атқомінің мәжілісінде қаралды.

Мәселені талқылау барысында монша-шаптаразы комбинатының басшылары Еремченко, Васин және Пономарев жолдастардың осы коммуналдық мекемелерінің жұмысын жақсартуға жете көңіл бөлмейтіні, адамдарды мәдениетті қамтуды айтарлықтай ұйымдастыра алмай отырғаны анықталды.

Қаланың көптеген моншалары қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмеген. Көптеген моншалар, әсіресе қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің, жылу электр орталығының моншалары тоқтаусыз жұмыс істеп отырмайды.

Көптеген шаптаразылар шаптаразы ұй-

ларына лайықталмаған, нашар орындарға орналастырылған. Оларда адамдар тосатын орындар жоқ, жұмыс орындары жеткіліксіз. Шаптаразы қызметкерлері өздерінің жұмыстарына немқетті қарайды. Олардың арасындағы жұмыс тәртібі төмен.

Қалалық Совет атқомінің мәжілісі осы кемшіліктерді атап көрсетіп, қалалық монша-шаптаразы комбинатының директоры Еремченко жолдасқа оны қысқа мерзімде жоюды талап етті. Мұнымен бірге, атқом мәжілісі завод директорларына, кәсіпорындарының территориясынан бір ай мерзім ішінде шаптаразылар ашуды міндеттеді. Сондай-ақ, «Труд» артелинің председателі Бувишинов, қалалық монша-шаптаразы комбинатының директоры Еремченко жолдастарға мәдениет және демалыс паркі мен станция базары маңында шаптаразы үйлерін салу жүктелді. Қалалық жоспарлау комиссиясына монша билетін арзандату жөнінде атқом мәжілісінде ұсыныс енгізу тапсырылды.

Г. ИВАНОВ.

Мал шаруашылығын жан-жақты өркендетейік!

Мал шаруашылығына көңіл бөлмейтін басшылар

Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында егіншілікпен бірге қоғамдық мал шаруашылығын жедел өркендетудің зор резерві бар. Егер осы мүмкіншіліктер жете пайдаланылған болса, онда колхоз мал шаруашылығынан ғана миллион сомдай табыс тапқан болар еді.

Алайда, соңғы жылдары колхоздың мал шаруашылығы өркендеуі айтарлықтай емес. Колхоз басшылары мал басын өсіру, оның өнімін арттыру мәселелерімен жете шұғылданбайды. Бұл жөнінде белгіленген шаралардың орындалуына қолда бар мүмкіншіліктерді пайдаланбайды және колхозшы шаруаларды мал шаруашылығын шұғыл өркендету жүресіне жұмылдыра алмайды. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін сыйыр фермасындағы жағдайға тоқтала кетеміз.

Бұл ферманы осы уақытқа дейін колхозшы Сабыр Шайдуллин басқарып келеді. Оның мал шаруашылығында тәжірибесі аздығын және сыйыр фермасын басқаруға қабілеті жетпейтінін колхоз басшылары жақсы білді. Оны ферманы меңгеруге қойғаннан кейін басқарма мүшелері, партия ұйымы Шайдуллин жолдасқа күнбе-күн көмек көрсетуге тиіс еді. Бірақ бұл жағдай ескерілмеді.

Осының салдарынан колхоздың фермасындағы жағдай өте-өте мүшкіл болып отыр. Шайдуллин және осы колхоздағы Сартомар МТС-нің зоотехнигі Омаров жолдастардың іске жауапсыз қарауларынан ғана фермадағы 214 сыйырдың 100-і қысыр қалды. Бұл фермада 100 тел, мыңдаған литр сүт кем алынды және бұдан колхоз мыңдаған сом зыян шекті деген сөз.

Колхоз басшылары бұдан нәтижелі қорытынды шығарып, істің жайын шұғыл жақсартулары керек еді. Олар жаз шығысымен малдың жайылымдарда тәулік бойы бағылуын және сауын сыйырлардың күніне үш-төрт мезгіл сауылуы ұйымдастырылуын ұмыт қалдырып. Мұнда 10 июньға дейін сауын сыйырлар түнде бағылған жоқ. Тіпті колхоз председателі Ахметов жолдас малды түнде бағуға кісі де бөлмеді. Әрине мұндай жағдайда сыйырлардан сүтті мол алуға тіпті де болмайды.

Колхозда сүтті мол алып жүрген озағ сауыншылар жоқ емес. Партия ұйымы мұндай алдыңғы қатарлылардың іс тәжірибесін кеңінен тарату мәселесімен жете шұғылданбай келеді. Сауыншыларға сы-

йырлардың құнарлылығын арттырудың жолдары айтылмайды. Міне осының барлығы сәтті уақытта колхоздың мемлекетке сүтті өткен жылдан өлдеқайда аз тапсыруына негізгі себеп болуда.

Колхоздың 76 сауын сыйыры туберкулез, бруцеллез ауруларымен ауырады. Рас, бұл мал Теңелдік бригадасында бөлек бағылады. Бірақ бригададағылар осы уақытқа дейін жас бұзауларды ауру сыйырлардың сүтімен азықтандырып келген. Керек десең бұл бригадада бұзауларды жайылымдарға бағатын адамдар да тұрақты емес.

Бұл бригадада өткен жылы аудандық «Маслопромның» сүт қабылдайтын бөлімшесі болған-ды. Быйыл бұл бөлімше жұмыс істемейді. Сол себепті сыйырлардың сүті колхоз орталығындағы бөлімшеге келгенше іріл кетеді де, сүттің майлылығы жемиді. Ал колхоз басқармасы бригададан сауылған сүтті дереу жеткізудің шараларын белгілемей келеді.

Колхозда стандартты мал қораларын салуға, сөйтіп малды жылы, жайлы, жарық қоралармен қамтамасыз етуге мүмкіншілік ұшан-теңіз. Колхоз жерінде құрылыстық ағаштар көптеп саналады. Не пайда, колхоз басшылары соңғы жылдары қора салу мәселелерімен шұғылданбай жүр. Өткен жылы колхоздағы екі бұзау үйі суық болды. Осыдан барды да бірқатар бұзаулар шығынға да ұшырады. Мұны ескере отырып, қыс аяғында колхоз басқармасы жаңадан үш бұзау үйін салуға қаулы қабылдаған болатын. Қабылданған қаулы іске асырылмай қалды дегуе болады. Олай дейтініміз мұнда бұзау үйлерін салуға ешбір әзірлік жұмыстары әлі күнге жүргізілмей отыр. Осы сыяқты жоспарланған бір сыйыр қорасының құрылысы да басталған жоқ.

Бұдан төрт жыл бұрын колхозда стандартты сыйыр қорасының құрылысы басталған болатын. Бұл қораның төбесі әлі күнге дейін жабылған жоқ, есік-терезелері орнатылмаған. Осындай ұқыпсыз қарағандықтан ол қораның іргесі піруге де айналған.

Бұл колхоздың басқа да мал қоралары мүлдем өсірілген. Көпшілігі жүрделі жөндеуді немесе қайтадан салуды қажет етеді. Амал қанша, колхоз басшылары мұны жете ескеріп жүрген жоқ.

Мұнда мал қораларын, әсіресе қамыстан салудың зор резерві бар. Колхозшы-

лар:— Суаткөлдін қамысы-ай, — салсаң құрылыс, жақсаң отын, құрағын шапсаң шөп, —деседі. Алайда, осы көлдің қамысын әзірлеу, оны құрылыс жұмыстарына пайдалану мүлдем ұмыт қалған.

Көзір қора-қошылдары жөндеудің, олардың ішін тазартудың шешуші кезі. Қызылжарлық іс сол колхозда бірде бір қора қыйдан тазартылмаған. Шынында колхозда жұмыс істемей жүрген колхозшылар оңдап саналады. Мұнда шеберлер де көп. Олардың барлығы құрылыс жұмыстарына пайдаланылмайды.

Быйыл бұл колхозда шөптің шығымы ауданның басқа шаруашылықтарына қарағанда жақсы. Шөптің жерлер де мол. Шөп шабуды кеңінен өрістетуге техника күші, адам күші де жеткілікті. Солай бола тұрса да, колхозда шөп шабу қарқыны мүлдем баяу. Шөптің шөпті жыйнау, оны маялау жұмыстары бір-біріне ұштастырыла жүргізілмейді. Осының салдарынан шөптің бірразы шөптің жұмысқа кіреді жатып сапалылығын жоюда.

Колхозда мал шаруашылығының жайы осындай нашар болып отыр. Бірақ колхоз председателі Ахметов, партия ұйымының секретары Дәуітов жолдастар бұл кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын белгілемей келеді. Дәуітов жолдас мал шаруашылығын өркендету жүресіне коммунистер мен комсомолецтерді жұмылдыру, олардың еңбектегі авантардық ролін арттыру, осы арқылы мал шаруашылығын өркендету жолындағы колхозшылардың ынталылығын күшейту мәселесіне жете мән бермей жүр.

Ал аудандық партия комитеті мен Совет атқомі «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындағы жағдайды әлі де жөге зерттеу, істің жайын шұғыл жақсартудың нақтылы жолдарын белгілеу мәселесіне көңіл бөлмей отыр. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету міндеті — аудан, колхоз басшыларынан мал шаруашылығындағы бұл сыяқты елеулі кемшіліктерді тегінен жоюды, сөйтіп қоғамдық малды басын көбейтіп, оның өнімділігін еселеп арттыруды талап етеді. Сонда ғана бұл колхоздың колхозшылары СОБП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын мінсіз жүзеге асыру жүресіне өз үлестерін қоса алатын болады.

**М. МӘКЕНОВ,
Т. ТӨКЕНОВ.**

Өркендеу жолында

Өткен жылы Пушкин атындағы ауыл-шаруашылық артелінің мүшелері (Петропавл ауданы) қоғамдық мал басын өсіру, оның өнімділігін арттыру жөнінде айтарлықтай табысқа жетіскен-ді. Атап айтқанда, мұнда мал өсіру жоспары сауын сыйырдан—101 процент, қойдан—107,6, шошқадан—101,6 процент орындалған болатын. Мұнымен бірге мал шаруашылығының өнімі де едәуір артты. Колхоздың әрбір 100 гектар шөптің, жайылымдық, егістік жеріне орта есеппен 80 центнерден артық сүт алынды. Осының нәтижесінде колхоз мемлекетке сүт тапсыру жоспарын мерзімінен екі ай бұрын артығымен орындап шықты. Мемлекеттік сатып алу орындарына 560 центнер сүт сатты.


Колхоздың мал шаруашылығының басқа саласынан алған табысы да мол болды. Мемлекетке ет, жүн тапсыру жоспары толық орындалды. Мемлекетке жүздеген центнер ет сатылды. Мұның барлығы колхоздың мал шаруашылығынан жоспар бойынша алуға тиіс табысының мыңдаған сом артық болуына мүмкіндік берді.

Колхозшы шаруалар өткен жылы қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, быйыл СОБП Орталық Комитеті январь Пленумының тарихи қаулысын жүзеге асыруда бірқатар табыстарға ие болды. Колхозшылар өздерінің перспективалық жоспарында өткен жылдан мал басын және мал шаруашылығының өнімін едәуір арттыруды жоспарлаған болатын. Бұл жоспар көзгіргі уақытта аброймен орындалуда.

Сыйыр фермасында мал басын өсіру жоспары артығымен орындалды. Мұнда 510 қарамал орнына, 520 мал бар. Сауын сыйырларды 200 басқа жеткізу жоспарданса, ол артығымен орындалды. Сол сыяқты қой, жылқы, шошқа фермаларында да мал басы өткен жылдан едәуір көбейе түсті.

Қоғамдық мал шаруашылығының мұндай мөлшерде өркендеуін колхоз мал өсірушілерінің қажырлы еңбек етулерінен деуіміз керек. Мал шаруашылығында жұмыс істеп жүрген колхозшылардың барлығы да өзара социалистік жарысқа ұштасып, оны мінсіз жүзеге асыру жолында қажырлылықпен еңбек етуде. Сауыншылар Папкова, Шмарева, Хрененко жолдастар өздерінің қажырлы еңбектерімен жұртшылықтың зор құрметіне бөленген.

Бұл күндері колхозшы шаруалар мал азығының берік базасын жасауда және мал қораларын қысқы маусымға әзірлеуде табысты еңбек етіп жүр. Колхоз комсомолецтері мен жастары (комсомол ұйымының секретары Ефанов жолдас) өз күш-



Петропавл вагон жөндеу депосының токарі М. Люков жолдас теміржолшылар Күні құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, күн сайын тапсырманы 200 процент және одан да асыра орындап жүр.

СУРЕТТЕ: токарь М. Люков жолдас жұмыс үстінде. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Оны өсірген еңбек

1950 жыл «Комсомолка» тігін фабрикасының жанынан ашылған ФЗО мектебінің залында ақырғы емтихандарын тапсырғаннан кейін енді қорытындыларын есту үшін бір топ жастар жыйналған. Топтан шеткерек тұрған сүйкімді аққуба келген жас қыз, салдың ашық терезесі алдындағы тігін цехының корпусына қарап терең ойға шомғандай.

«... Оқу бітті. Енді міне өндіріс, — деп ойлады, ол ойын әлі қарай жалғастырып.—Бұл үлкен жауапкершілікті керек етеді. Өйткені Отан тілегі сол. Сондықтан...»

—Кіріңіздер,—деді есікті кең ашып, ФЗО мұғалімдерінің бірі. Оқушылар тегіс класқа кірді. Бітірушілерді құттықтап, болашақтары туралы айтылған аз сөзден кейін оларға бітіру куәліктері берілді.

—Ханина! Жаңағы аққуба қыз орнынан тұрып мұғалімдер коллективі отырған столға жақындап келді.

—Құттықтаймын, Надечка, оқуды қалай оқысаң, өндірісте де сондай болуына тілектеспін,—деді ФЗО директоры оның қолын қысып.

—Рахмет,—деді Надя аз қысылығырап. Ол енді өзінің мектептес достарына қарай бұрылып, аз уақыт үнеіз тұрды да:

—Сондықтан біз өндіріске барамыз,—деді бағанағы ойының түйінін айтып. Жолдастары оған ду қол шапалақтап жауап берді.

... Тігін цехы. Ұзыннан-ұзақ қатарластырыла тігін машиналар орналастырылған. Тігіншілер қызу жұмыс үстінде.

уақытты керек етеді. Ал сіздің негізгі және қосымша жұмыстарыңыз бір біріне кедергі келтірмей ме? —деп сұрады қыз.

—Біз қоғам жұмыстарын бос уақыттарда, яғни түскі үзіліс кезінде, не жұмыстан соң ұйымдасқан түрде жүргіземіз. Ал еңбек қорғау жұмыстарын да жұмысқа ертерек келіп жүргізуге болады. Жаңа жұмысшылар келгенде оларды жұмыспен таныстыру, көмектесу, әрине, тек жұмыс уақытында машина қасында ғана болады. Ол менің аз кем деген уақытымды алғанымен, жаңадан келген адамдардың іске өнімді кірісуіне үлкен көмек. Сондықтан менің жұмыс уақытымның бірде-бір минуты босқа кетпейді.

Мастер Конаненко бастаған бұл бригадада нормасын орындамайтын бірде-бір адам жоқ. Соның нәтижесінде бригада Ауыспалы қызыл туға ие болды. Бригада озаты Надежда Павловна Ханина жолдас қоғам жұмыстарына белсене қатысумен бірге, өзіне белгіленген сменалық, айлық, тоқсандық өндіріс тапсырмаларын 1,5—2 есе асыра орындайды.

—Біздің Надежаның қолы алтын рой. Әрі шебер, әрі шапшаң. Сондықтан да емес пе біздің одан бір жыл бүтін кейін жүргеніміз,—дейді фавкомның бастығы Полина Матвеевна.

—Онысы қалай? —деп сұрадық, алғаш аңғара қалмай қалған біз.

—Надя үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында-ақ бесінші бесжылдық жоспарын артығымен орындап қойған. Ол көзгіргі 56 жылдық есебіне жұмыс істеуде.

Наданың мұндай табыстарға жетуінің басты себептері: уақытты дұрыс пайдала-

Ленин ауданы, Воровский атындағы ауылшаруашылық артелі үстіміздегі жылы әрбір қойдан орта есеппен 3,1 килограмнан жүн алуға міндеттенген болатын. Бұл міндеттеменің мүлтіксіз орындалатындығын көктемгі қой қырку науқаны анық көрсетті. Көзірдің өзінде қолхоз әрбір қойдан 2,5 килограмнан жүн алды.

Қолхоз мемлекетке жүн тапсыруды да үлгілі ұйымдастырды. Мемлекетке жоспарлы 19 центнер орнына, 21,5 центнер жүн тапсырып, 31 центнерден артық жүн сақтыды. Қолхоздың тек көктемгі жүн тапсыруынан алған табысының өзі 110 мың сомға жуық болды.

Т. СИДОРКИН.

Совет ауданындағы инкубатор станциясы өз жұмысын өткен жылдарға қарағанда үстіміздегі жылы едәуір жақсартты. Быылғы көктемде құс жемі үшін 30 гектар жерге тары, сұлы, бидай дақылдары егілді. Инкубатор соңғы екі айдың ішінде қолхоздар мен совхоздарға тарату үшін әртүрлі құстардың 36988 балапан-дарын шығарды. Бұл іс қолхоздарда және совхоздарда жаңадан құс фермаларының ұйымдастырылуына жағдай тұрғызды.

Бірақ, ауданның кейбір қолхоздарының басшылары қолхозда құс өсірудің маңызына түсінбей, бұл салаға жете мән бермейді. Мәселен, ауданның «Игілік», «Новый быт», Молотов атындағы қолхоздарында күні бүгінге дейін құс фермалары ұйым-

дастырылмай отыр. Молотов атындағы қолхоздың председатели Қашағанов жолдас сол қолхозға инкубатор станциясы арқылы жіберілген 1 мың құс балапандарын қабылдамады. Бұл қолхозға аудандық Советтің тапсыруы бойынша тағы да 1 мың құс және үйрек балапандары жіберілді. Бірақ, Қашағанов жолдас бұл жолы тек 350 балапан ғана алып, қалғанын кері қайтарды.

Жоғарыда аталған қолхоздарда құс фермаларын ұйымдастыруға қолхоз басшыларының ешқандай көңіл бөлмеуі сыяқты кемшіліктер тез арада жойылып, қолхоздардағы құс өсіру ісі шұғыл жақсартылуы керек.

Н. ДӘУЛЕТОВА.

Иван Рудскойдың бригадасында

Жуырда ғана Федоровка мен Цабелевка селолары арасында сан мың гектар тың жыртылмаған күінде жатқан еді. Өткен жылы мұнда Украинадан келген Иван Рудскойдың комсомол-жастар трактор бригадасы өздерінің тракторларын далаға шығарды. Новотроицк ұнтақтау фабрикасының слесарі Иван Каблучкий, Сталино қаласының бір кәсіпорнының крановшісі Степан Опока, Ново-Горловка тук заводының жұмысшысы Николай Воловиков, трактор тиегіш машинистері Виктор Денисенко, Яков Козарь, Георгий Мерчу тағы басқалар жаңа жерлерді игеруге кірісті. Бұл патриоттар жаз бойы Федоров ауданындағы Калайда атындағы қолхоздың барлық тың жерін жыртып берді. 15 аттық күші бар бір трактормен 1.385 гектар жер жыртылды. Бригада Бүкілодақтық социалистік жарыста екінші орын алды.

Быыл бригада жаңа кадрлармен толықтырылды, Украинадан мұнда тағы да 20 механизатор келді. Жаңа тракторлар алынды.

Иван Рудскойдың бригадасы тың жерлердегі екінші көктемді еңбектегі жаңа істермен өткізді. Механизаторлар ауа райының қандай болғанына қарамастан егінің гектарынан жүз пұттық өнім алуға өздерінің алдына мақсат етіп қойып, егіс даласында ығал жыйнауға айрықша назар аударды. Бұл іске тың жерде көгерілген парға ықтырма дақылдарын егу және бірнеше рет қар тоқтату көмектесті. Қар көпісімен ығалдың беті дереу жабылды. Егіс көлемінің барлығында ағаштан жасалған шангастармен тегістелді. 3200 гектар егін жеті күн ішінде егілді. Бидайдан басқа арпа, тары, мал азығы үшін күздік қара бидай, шөптер, зығыр, күнбағыс, овоць және бақша дақылдары жүгері егілді. 480 гектар жүгері, күнба-

ғыс, бақша дақылдары және картоп шаршы-ұялы әдіспен егілді.

Механизаторлар жүгеріні ерекше мұқияттылықпен екті. Бұл үшін таңдаулы жерлер бөлініп, бұл жерлерге қыста қалыңдығы 80 сантиметр қар тоқтатылды. Комбайншы Андрей Сулиздің басқаруымен өлшеуші үш сым бірге қосылып, мұның өзі айналымды 1.800 метр ұзартуға мүмкіндік берді. Тракторшы Павел Скляров тракторды төртінші шашпандықпен жүргізіп, кейбір күндері норма бойынша 12 гектардың орнына 25—30 гектардан екті.

Көзіргі уақытта бригада егінді күту жұмысын кең өрістетті. Жүгерінің қатараралықтарын культивациялауда екі «Беларусь» тракторы жұмыс істейді. Тракторшылар Василий Галкин, Петр Каблучий, Николай Остапенко және Александр Червченко бір сменада норма бойынша 26 гектардың орнына 30—40 гектардан жер өңдеуде. 215 гектар жердің бөріңде егін ерсілі-қарсылы екі рет культивацияланды. Көзір үшінші рет өңдеу басталды. Культиватор агрегатында суперфосфат себетін тыңайтқыш сеялқалар бар.

Жүгері егінін өңдеуде Қостанайдың Пушкин атындағы орта мектебінің оқушылары механизаторларға зор көмек көрсетуде. Оқушылармен достық ынтымақ қыс мезгілінде-ақ басталған болатын. Иван Рудской тың жерлерді көтерудің маңызы туралы, өз бригадасындағы еңбек майданындағы істері туралы мектепте жиі-жиі әңгімелер өткізді. Жоғары класста оқушылар Калайда атындағы қолхоздың жүгері егінін қамқорлыққа алуға ұйғарды, міне көзір оқушылар 50—60 адамнан құрылған үлкен топ болып, жалпы іске өздерінің лайықты үлесін қосу үшін осы қолхозға келіп жұмыс істеуде. Балалар күннің ыстығына қарамастан қажымай еңбек етеді. Оқу бөлімінің меңге-

рушісі Надежда Васильевна Угрюмованың бастауымен 60 оқушы және мұғалімдер тобы 6 күн ішінде 90 гектар жүгері егінінің арам шөбін отады. Оқушылар Тамара Стрельникова, Людмила Эдорик және Люда Прокопчук жұмысты үздік істеді.

Иван Рудской бригадасының механизаторлары өздеріне берілген техниканы толық күшімен пайдалануға қажетті шараларды бәрін қолдануда. Олар егін егуді аяқтағаннан кейін өздерінің дизель тракторларын көршілес жаңадан ұйымдастырылған Воронеж астық совхозына көмекке жіберді. Бұл совхозда тың көтеру аяқталғаннан кейін тракторлар қолхоз құрылысына әкелінді. Бригадирдің көмекшісі Яков Козарь жемшөп сүрлейтін траншеялар қазу жұмысын басқарды. Тракторшылар Виктор Денисенко және Леонид Черкасов қысқа мерзімнің ішінде 900 және 800 тонна сүрленген жемшөп сыятын екі траншеяны скреперлермен қазды, көзір үшінші траншеяны қазып жатыр. Бұл траншея қамыс және балшықпен сыланады, екі траншеяға тас қаланып, олар цементтелді.

Сонымен бірге бригадада техниканы жөндеуде комбайншылар Андрей Сулиз және Федор Ткач МТС-те комбайндарды жөндеп жатыр. Павел Скляровтың басшылығымен бір топ механизаторлар тіркелетін ауылшаруашылық машиналарын техникалық жағынан әзірлеуде. Егіс қосында ұста дүкені бар, мұнда тырнауыштардың тістері жөнделіп, түрендер шыңдалады. Көзірдің өзінде барлық сеялқалар мен тырнауыштар жөнделіп болды. Тіркеуіштерді және дискелі сыдыра жыртықтарды жөндеу аяқталып келеді.

Жаркөл МТС-і аймағындағы «Красный Октябрь» қолхозында жұмыс істейтін Леонид Дегиренконың бригадасымен жарыстың қорытындысын шығара отырып, Иван Рудской былай деді:

ту, шегендеу жөнінде көтеріңкі міндеттеме алып, оны жүзеге асыруда. Алғашқы екі күннің ішінде қолхозда сыйымдылығы 100 тонналық траншея тазартылды. Мұнымен бірге мал фермаларындағы қолхозшылар барлық ескі мал қораларын қайыра тазартуға және оларды сылау жұмысын 20 сентябрьге дейін аяқтауға міндеттеме алған-ды. Көзір бұл жұмыстардың барлығы күннен күнге өріс алууда.

Бұл қолхоздың қолхозшылары 1 октябрыға дейін мемлекетке ет, сүт тапсыру және сату жоспарларын асыра орындау және өткен жылғыға қарағанда быйыл мал шаруашылығының ақшалай табысын біржарым есе молайту үшін еңбек қарқынын үдете түсуде.

3. ҚАСКЕЕВ.

—Бізде 15 аттық күші бар бір трактормен 320 гектар жер өңделген, ал Дегиренконың бригадасында 287 гектардан өңделген. Бірақ бұған қуанудың керекі жоқ, өйткені өткен жылы осы мерзімде біз 500 гектар жер өңдеген едік. Сондықтан трактордың күшін сарқа пайдалануымыз керек.

Бригадирдің ұсынысы жыйналыста талқыланды. Тракторды егін даласы арасындағы жолдарды салуға пайдалану ұйғарылды. Егін даласы арасында 100 километрге жуық жол тереңдігі 25—27 сантиметр етіліп жыртылды. Бұл жер мұқият тырмаланып, дискеленді. Көзір тракторшылар жолды ауыр тракторлармен тегістеуде. Федоровка селосынан Қызыл жұлдыз ауылына дейінгі 20 километр орталық жол жақсы тегістелді, бұл жолмен көзір асфальт төселген жолдағы сыяқты жүруге болады. Таяу арада егін арасындағы межелер де осылай етіп жөнделеді.

Иван Рудской мынадай пікір айтты: —Жігіттер, әңгіме мынада: өткен жылы мен жерлесіміз Паша Ангелинада қонақта болдым. Оның бригадасының тұрақты егіс қосын көрдім. Мұның өзі механизаторлардың үлкен бір поселкесі сыяқты. Осындай қосты біз неге жасамаймыз?

Бригадир қалтасынан бір табақ қағаз алды да қарындашпен сыза бастады.

—Мына жерде жатақхана болады,—деп түсіндірді ол, —оның жанында асхана, азық-түлік сақтайтын қоймасы бар кухня, қызыл мүйіс, бригадирдің бөлмесі болады. Жатақхананы бұмен жылжытатын етіп саламыз. Оның қасында монша болады. Қосын екінші бір жағында жөндеу мастерскойы, ұста дүкені, саймандар қоятын орын, тракторлар және ауылшаруашылық машиналарын қоятын гаражды орналастырамыз. Ал мына бір жерде стадион жасаймыз. Жоғары жақтан су тартатын жылжытылған мұнара жасап, су проводын саламыз. Топырақ үйілген биік жерге машиналарға жанар және жағар

рек отырған жұмысқа жаңадан келген бір жас қызға көз қырын жиі тастап отырды. Бір кезде ол қыздың жанына келді.

—Асықпаңыз, басқа тігіншілерге қарамаңыз, олар әбден маманданып алған адамдар. Сіздің көзір істің тез бітуінен гөрі сапалы істелуіне көп көңіл бөлгеніңіз жөн. Өлі қолың жаттығып, істің бабын білгеннен кейін бәрінен де асырасың. Тағы айтамын, асықпай-баппен істеу керек.

Бұл жас тігіншінің алғашқы ісіне ақыл беріп, көмектесіп тұрған Надя еді.

Надя тігінші мотористка болып істейді. Ал фабрикада ол бригада көмекшісі, еңбек қорғау инспекторы және үгітші.

—Қосымына жұмыстардың барлығы шын мәнінде жұмыс жүргізу үшін аз да болса

—Біз жұмыс уақытын дұрыс пайдалану, жылдамдық керек деген сөзді жиі қайталаймыз. Егер жұмыс басталардан бұрын келіп, өзін жұмыс істейтін машинаңды үстірттікке салыпбай, ұқыптап қарасаң, сынған, немесе күдік тудыратын бөлшектерін ауыстырсаң, барлық қозғалысқа келетін механизмдерін майласаң жұмыс уақытыңда ешқандай кедергі кездестірмейсің. Мен жұмыс арасындағы демалыс уақыттарында да машинаңды тексеріп қоямын. Іс тігуде қол шашпандығыңның да зор маңызы бар. Өйткені тігіп отырған нәрсеніңіздің машина жүргізетін жерлерін тез ауыстырып, машинаны бір секунд та босқа тұрғызу керек,—деп ақыл берді маған тігінші Надя.

М. СЕРФАЛИЕВ.

май құятын пункт орналастырамыз, сөйтіп бензовоздағы бензин цистернаға, ал цистернадағы бензин май құйғыш арбаға өздігінен құйып отыратын болады. Көл жағасынан бақша саламыз. Жатақхананың айналасына ағаштар отырғызамыз. Сонда біздің қос көгалданған болып шығады.

Бригадирдің идеясы жұртқа ұнады. Механизаторлар жұмысқа неғұрлым тез кірісуге құлшынды. Виктор Бояринцевтің бастауымен тіркеушілерден құрылыс бригадасы ұйымдастырылды. Көзір жанар және жағар май сақтау үшін жерден қойма жасалып жатыр.

Көл жағасында да жұмыс қызды. Мұнда бригада көзірдің өзінде бес мың кірпіш құйды. Шиферге, құрылыс ағаштарына, трубаларға заказ берілді.

Жұмыстың барлық участоктарында—жүгерінің қатараралықтарын қосыту, жемшөп сүрлейтін траншеяларды қазу, кірпіш құю, ауылшаруашылық саймандары мен комбайндарды жөндеу жұмыстарының бөріңде де механизаторлар жігерлі еңбектің үлгісін көрсетуде. Олар еңбек төртібін берік сақтайды, жұмысты ынтымақтасып істейді, өздерінің борышын жақсы түсінеді, бір-біріне өзара көмек көрсетіп отырады.

Бригададағы мұндай топтасқандық және достық бірден бола қойған жоқ. Мұның өзі комсомол ұйымының табандылықпен жұмыс жүргізуі арасында мүмкін болып отыр. Бригадада апта сайын комсомол ұйымының жыйналысы болады. Бұл жыйналыстарда пайдаланылмай жатқан резервтер ашылады, жұмыстағы кемшіліктер сыналады. Механизаторларды тәрбиелеуге коммунистер—бригадир Иван Рудской және комсомол ұйымының секретары Виктор Денисенко зор қамқорлық жасауда. Есепші Владимир Ткаченко шығарып тұратын «За высокий урожай» қабырға газеті және «Жауынгерлік листоктар» кемшіліктерді көзінде түзетіп отыруға көмектеседі.

Бригаданың механизаторлары жақсы

еңбек етіп қана қоймай өздерінің демалысын да іскерлікпен өткізеді. Кешкі мезгілде егіс қосында баян үні алыстан естіледі. Сырттан оқийтын біржылдық консерваторияда музыкалық білім алған май құюшы Константин Хильченко әншілер мен бишілердің заказын орындап береді. Ол Штрауустың вальстерін, Уралдың «рибиншкасын», Украинаның халық әндерін шебер орындайды.

Бригадада уақытты көңілді өткізетін басқа да орындар бар. Кітапханадан жақсы кітаптар алып оқуға, спортшыларға—волейбол, футбол, шахмат ойнауға, радио тыңдауға болады. Мұнда кинокартиналар көрсетіліп тұрады.

Қос басында механизаторларға күніне үш рет ыстық тамақ беріледі, мұнда жұынатын душ бар. Федоров аудандық тұтынушылар одағының автодүкені түрлі товарларды жиі-жиі әкеліп тұрады. Бұл дүкенді егіс қостарын сауда жағынан үздік қамтудың Бүкілодақтық жарысын бастаушы Мария Левицкая басқарады.

Калайда атындағы қолхозға тың жерлерді игеруге тұңғыш келгендердің осында тұра бастағанына бір жылдан сәл-ақ асты. Бірақ көзір оларды жаңа қоныстанушылар деп ешкім айтпайды.

Тың жерлер игерудегі қол жеткен табыстары үшін Иван Рудскойдың бригадасы 1955 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы болып бекітілді. Таңдаулы тоғыз механизаторлар да көрмеге қатысушылар болып бекітілді. Осы кезде бригада қолхозға көшіп келушілер үшін үйлер салып, малға арнап қоға шауып, жаңа клубтың құрылысын жүргізіп жатыр.

Иван Рудской бригадасының механизаторлары міне осылай тұрып, осылайша жұмыс істейді. Олардың тұрмысындағы ең басты нәрсе—еңбек. Калайда атындағы қолхоздың егін даласында тұған «Тың жер бригадасының маршында» осы еңбек жырланады.

В. ДЕДИКОВ.

В. М. МОЛОТОВТЫҢ Москваға қайтып келуі

Сан-Францискода болған Біріккен Ұлттар Ұйымының мерекелі сессиясына совет делегациясын бастап барған СССР Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов 5 июльде Москваға қайтып келді.

(ТАСС).

Вьетнам халқының тәуелсіздік және бейбітшілік жолындағы күресі

Вьетнам демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин бастаған үкімет делегациясы таяу арада Совет Одағына келеді.

Вьетнам халқы өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін көптеген жылдар бойына қаһармандық күрес жүргізіп келді. Осы қасиетті күрес жолында ол көптеген құрбандықтар берді. Оның бақытсыздығының және жапа шегуінің шегі болмады. Бірақ қасиетті іс ұмытылмас болды. 1950 жылдың бас кезінде-ақ Вьетнам Демократиялық Республикасының азаттық соғысы халықаралық көлемде танылды. Ұлы Совет Одағы, Қытай Халық Республикасы, Корея Халық-Демократиялық Республикасы және халықтық-демократиялық Еуропалық елдер Вьетнамның бірден-бір заңды үкметі—халық сайлаған Хо Ши Мин бастаған үкметі деп мәлімдеген болатын.

Индонезия халықтарының ұлт-азаттық қозғалыстарындағы табыстардың халықаралық тараудың жаңа айғағы Женева кеңесі болды. Жұртқа мәлім, Совет Одағы, Қытай Халық Республикасы және Вьетнам Демократиялық Республикасы делегацияларының Индо-Қытайдағы соғысты тоқтатуға бағытталған батыл жігері нәтижесінде Женева кеңесі табыспен аяқталды. Индо-Қытай елдерінде—Вьетнамда, Лаоста және Камбоджада бейбітшілік қалпына келтірілді. Осы тарихи оқиғадан бері бір жылға аз ғана жетпейтін уақыт өтті. Осы уақыттың ішінде Вьетнам Демократиялық Республикасының халқы еңбекшілер партиясы мен республика үкметінің басшылығымен жаңа тұрмыс орнатуда елеулі табыстарға жетті.

Вьетнамның 22 миллион халқынан оның солтүстік бөлегінде яғни Вьетнам Демократиялық Республикасында 13 миллион халық тұрады. Халықтың көпшілігі республиканың экономикасының негізі болып табылатын ауыл шаруашылығымен шұғылданады. Осыған сәйкес, Вьетнам Демократиялық Республикасының өкмет орындары соғыс қыймылдары тоқтатылсымен-ақ дереу ең алдымен соғыс кезінде зиянға ұшыраған ауыл шаруашылығын қалпына келтіруді қолға алды.

Республикада аса зор жер суару жұмыстары жүргізілді. Быйылғы жылдың январына дейін жер суарудың 6 ірі жү-

Вьетнам Демократиялық Республикасының іс жүзінде соғыс өнеркәсібін жаңадан құруға тура келді. Сол кездің өзінде-ақ үмет өз металлургиясын, әсіресе шойын мен болат қорытуды өркендетуге көңіл бөлген болатын. Кәсіп елдің күш-жігері көмір, түсті металл, сонымен қатар ауыл шаруашылығы үшін фосфат өндіруге бағытталған. Республиканың өнеркәсіп орындары мата, қағаз, химиялық материалдар шығаруды ойдағыдай өндіруде. Өнеркәсіпті өркендетуге бірнеше қалалардың, соның ішінде Ханой мен Хайфон сияқты ірі орталықтардың ВДР үкмет орындарының қарамағына өтуі туралы Женева келісімін жүзеге асыруға көмектесуде.

Ұлт экономикасын өркендетуде темір жол транспорты зор роль атқаруға міндетті. Осы жылғы 28 февральда республика астанасы Ханойды Вьетнам-Қытай шекарасында орналасқан Мунань-гуань қаласымен жалғастыратын темір жол қатынасы салтанатты жағдайда ашылды. Ұзындығы 167 километр бұл темір жол магистралы қалалар мен селолық аудандар арасындағы, Вьетнам мен шет мемлекеттер арасындағы тиімді және қолайлы қатынас болып табылады. Оның іске қосылуы Вьетнам Демократиялық Республикасының ішкі, сондай-ақ сыртқы саудасын өркендетуге қолайлы әсер етеді.

Басқа да аса маңызды темір жол линиялары салынуға және қалпына келтірілуде. Үстіміздегі жылдың май айының ақырында осындай екі линияны жөндеу аяқталды.

Экономиканы қалпына келтіруде вьетнам халқына туысқан қытай халқы зор көмек көрсетіп келеді. Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында гидротехникалық құрылыстарды, қатынас жолдары және байланыс құралдарын қалпына келтіруде көмек көрсету туралы келісімге қол қойылды. Қытай Вьетнамға өзінің мамандары мен жұмысшыларын жібереді. Вьетнам Демократиялық Республикасы Қытайдан паровоздар, вагондар, темір жолға арналған басқа да жабдықтар, әртүрлі машиналар, материалдар, автотранспорт үшін май, жанармай, кәсіпорындар үшін жабдықтар тағы басқаларын алуға.

Вьетнамның экономикасын ойдағыдай қалпына келтіруіне және өркендетуіне елде кең өріс алған, барлық еңбекшілерді

ХЕЛЬСИНКИ, 1 июль (ТАСС). Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Ассамблеясының комиссиялары баспасөзде жариялау үшін мынадай документтер таратты. ҚАРУСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ АТОМ ҚАРУЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ БАЯНДАМАСЫ

Баяндамада былай деп атап көрсетілген: атом қаруының болуы «осы қаруды құртуды да көздейтін қарусыздандыру мәселесін, елдер арасында сенім мен ынтымақты оған әрі нығайтумен қатар, адамзаттың алдында тұрған, кезек күттірмейтін шұғыл мәселеге айналдырып отыр».

Ядролық қарудың барлық зашастарын құрту және атом соғысының қауіпін жою, делінген баяндамада, адамзатты соғыстан және қарулану ауырлығынан құтқару жолындағы қажетті қадам болып табылады.

Бірақ ядролық қаруды тиімділікпен құртуды басқа проблемалардың шешілуінен бөле қарап жүзеге асыруға болмайтындығы кәзіргі өзінде-ақ айқын болып отыр. Ядролық қаруды құрту қарусыздандырудың жалпы жоспарының құрамды бөлегі болуға тиіс.

Едәуір мөлшерде жаспай қарусыздандыру оның өзі үшін ғана емес, сонымен бірге кәзіргі халықаралық шиеленісті бәсеңдету және қажетті сенім мен жемісті ынтымақты нығайту мақсаттары үшін де қажет болып отыр.

Баяндамада жаспай қарусыздандыруды жүзеге асыру жоспары баяндалған, бұл жоспарда ядроларды эксперимент ретінде жаруды тоқтату, ядролық қаруды қолданбауға салтанатты түрде міндеттеме алу, ядролық қаруды құрту және қатаң бақылау жасай отырып, едәуір дәрежеде бірте-бірте қарусыздандыруды кезекдерімен жүзеге асыру, бақылаудың тұрашыл системасын орнату көзделген, бұл система қандай елдің болса да мұндай бақылауды елеуліне мүмкіндік бермейді және ол порттарда, соғыс объектілерінде, соғыс заводтарында, атомдық шикізат өндірілетін орындарға таяу жерлерде, атомдық өнеркәсіп орындарында, тағы басқа жерлерде байқаушылар институтын қоюды көздейді.

Осының бәрі, деп атап көрсетілген баяндамада, ағылшын-француз және совет жоспарларында бұған дейін-ақ принципіне келісілген, бұл жоспарлар кәзір БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі комиссиясының қарауында жатыр.

Осы жоспарды барлық елдерге тарату мақсатымен БҰҰ-ға мүше және мүше емес барлық үкметтердің қатысуымен конференция шақыру қажет.

Келісімге жету өте қажет, сондықтан

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Ассамблеясы комиссияларының ұсыныстары

Париж келісімдерімен байланысты күшейте түскендігі, бейбітшілікке қатер төндіруде деп көрсеткен.

Осы қатерді жою үшін коллективтік қауіпсіздік системасын құру мақсатымен Еуропаның барлық мемлекеттері арасында өзара түсінісуге жету қажет. АҚШ осы қауіпсіздік системасына қатысуға шақырылуы тиіс.

Германияны біріктіру, делінген ұсыныстарда бұдан кейін, еуропалық қауіпсіздікті осы жаңаша түсінумен байланысты. Бұл біріктірудің шарттары герман милитаризмін қайта пудыру және Германияның нендей бір соғыс одағына қатысу мүмкіндігінің қандайып болса да жоқтың болғанда ғана, осындай біріктіруді жүзеге асыруға болады.

БҰҰ істер жөніндегі көмекші комиссия өзінің ұсыныстарында барлық мемлекеттердің бір-бірін құрметтеу, территорияның тұтастығы мен суверенитетті құрметтеу, бір-біріне тиіспеу, ішкі істерге араласпау, теңдік және өзара тиімділік, бейбіт қатар өмір сүру принциптерін басшылыққа алуға келісулерін талап еткен. Бұл принциптер Біріккен Ұлттар Уставының түпкі мәні болып табылады.

Бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздік үшін басты жауапкершілік жүктелген бес ұлы держава, Біріккен Ұлттарды құрған кезеңде өздері басшылыққа алған принциптермен жігерлене отырып, қажетті ынтымақ пен бірауыздылыққа ұмтылған күнде ғана, делінген ұсыныстарда, бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті сақтауға болады.

Көмекші комиссия Қытай Халық Республикасына БҰҰ-дағы өзінің заңды орнын беруді талап еткен.

Кейбіреулері бір-бірінен өте алыс тұратын елдерді қамтығын және басқа мемлекеттердің қауіпсіздігіне қарсы бағытталған томаға-тұйық соғыс блоктарын, деп көрсетілген ұсыныстарда, БҰҰ Уставы жол беретін регионалдық келісімдер деп қарауға болмайды.

Осы соғыс блоктарымен тығыз байланысты екіжақты соғыс договорларының жүйесі көптеген елдердің территориясында сансыз көп соғыс базаларын құруға әкеліп соқтырды. Осы соғыс блоктар мен базалар мемлекеттер арасында сенім орнатуға кедергі келтіріп, халықаралық шиеленісті тереңдетіп түсуде және мемлекеттердің тәуелсіздігі мен суверенитетіне кедергі болып табылады.

Ассамблея Біріккен Ұлттардың мақсаттары мен принциптерін қорғау жолындағы күреске белсене қатысу қажет екендігіне дүниежүзілік жұртшылықтың назарын аударады.

Тайваньның Қытай Халық Республикасының біртұтас құрамды бөлегі екендігі күмәнсіз болып отырғандықтан, тек осында орналасқан барлық шетелдік әскерлерді көшіктірмей әкету ғана осы аудандары бейбітшіліктің кепілі бола алады.

Женева келісімдерін қатаң сақтап, Вьетнамда, Лаоста және Камбоджада осы келісімдер бойынша белгіленген мерзімдерде жалпыға бірдей еркін сайлау өткізу қажет.

Кореядағы уақытша бітім шарттары қатаң сақталуға тиіс және корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу Кореяны тәуелсіз мемлекет ретінде біріктіру үшін мүдделі елдердің Халықаралық Конференциясы ең қысқа мерзімде шақырылуға тиіс.

ҰЛТТЫҚ СУВЕРЕНИТЕТ ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

Комиссияның ұсыныстарында былай деп атап көрсетілген: Комиссия Бандунг конференциясының принциптерін бірауыздан қолдайды және осы принциптер Азия мен Африкада бейбітшілікті сақтап, нығайтудың ең жақсы негізі болып табылады деп санайды.

Ассамблеяға қатысушылар шағын елдер жөнінде қыр көрсетілмеуін, олардың территорияларында соғыс базаларының болмауын, олардың ішкі істеріне ешкімнің араласпауын, экономикалық қысым жасау саясатының қолданылмауын талап етеді. Біз, делінген ұсыныстарда, бейбітшілікті тек мынадай шарттармен ғана баянды етуге болады деп санаймыз:

1) Малайя, Кения, Алжир, Марокко, Мадагаскар, Британдық және Француздық Камерун, тағы басқалары сияқты елдерде бейбітшілікке, тәуелсіздікке және бостандыққа ұмтылып отырған отар халықтарға қарсы барлық соғыс операциялары мен жазалау шараларын тоқтатқанда ғана;

2) отар елдерде осы елдердің еркіне қарамастан құрылған және олардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін соғыс базаларын құрғанда ғана;

3) өз халықтарының еркіне қарамастан елдерді қолдан бөлшектеудің қандайып болса да құрғанда ғана, ал Гоа, Батыс Ириан, Того және басқалары бұған мысал бола алады;

4) мысалы, Оңтүстік Африкада қолданылып отырған нәсілдік кемсітушіліктің қандайып болса да жойғанда ғана;

5) экономика мен мәдениет саласындағы үстемдіктің қандайып болса да, сонымен қатар жергілікті тұрғын халықты бағынышты жағдайға түсіру мақсатын көздейтін шетелдік иммиграциясының үнемі жасалуын жойғанда ғана.

Бейбітшілік мүдделерін көздеп бейбітшілік күштер өкілдерінің Бүкіл дүниежүзілік Ассамблеясы барлық мүдделі елдері

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОБЛЕМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

Халықтардың тұрмыс дәрежесінің төмендеуі немесе оны арттыру үшін кедергілердің болуы, деп көрсетілген ұсыныстарда, шиеленіскен халықаралық жағдайдың, мемлекеттер арасындағы қатынастардың шиеленісіп отырғандығының, дүние жүзінің бір-біріне дұшпан блоктарға бөлшектелуінің, сонымен қатар жанталаса қаруланудың салдары болып табылады.

Бейбітшілік орнату, барлық елдердегі әсері нашар өркендеген елдердегі адамдардың тұрмысы мен еңбек жағдайын тынбастан жақсарту ісіне көмектесуге ұмтылып, Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік Ассамблеясы парламенттер мен үкметтерге: қару-жарақ пен қарулы күштерді азайту жоспарын жасауды және қабылдауды, осының нәтижесінде, босайтын қаржыны өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының бейбіт салаларын өркендетуге пайдалануды, кемсітушіліктің қандайып болса да тыйым салатын және «тең еңбекке—тең ақы төлеу» принципіне сай келетін заңдар қабылдауды ұсынады.

Ұсыныстарда барлық елдер арасында экономикалық және сауда байланыстарын өркендету қажет екендігі атап көрсетілген.

Комиссия бұдан кейін былай деп көрсеткен: нашар өркендеген елдер туралы мәселе кәзіргі уақытта алда тұрған ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл елдердің табиғат ресурстары орасан мол, сондықтан оларды өркендету мақсатымен басқа елдер оларға техникалық және финанс көмегін беруге тиіс, сөйтіп бұл елдердің өздері өндіріс құрал-жабдықтарын жасай алатын, индустрияландыруды жүзеге асырып, өз ресурстарын дамыта алатын болуға тиіс.

БҰҰ Уставы сақталғанда ғана, БҰҰ-ның техникалық көмек программасы толығымен пайдаланылғанда ғана бұл көмекті неғұрлым жақсы жүзеге асыруға болады.

Мәдениет байланысы жөніндегі комиссия жалпы декларацияның тектін қабылдаған, онда, атап айтқанда, былай деп көрсетілген: ой еңбегінің қызметкерлері, искусство, мәдениет және ғылым қайраткерлері халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге, барлық ұлттар арасындағы ең белсенді және достық ынтымаққа бар ынтымақпен мүдделі болып отыр.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Ассамблеясында болған мәдениет қайраткерлері, делінген декларацияда, ой еңбегінің барлық қызметкерлерін, мәдениет пен искусство қызметкерлерін өз халықтарымен бірге қыймыл жасауға, бүкіл дүние жүзінде

Тай Нгуен провинцияларында да 20 мыңнан аса гектар күріш егісі суарылады. 7 мың гектардан аса жерді суландыратын ірі Мин-мак су қоймасы қалпына келтірілді. Соғыстың салдарынан және оның суландыру жүйелеріне келтірген аса күшті зияннан тек Хидонг провинциясында ғана 30 мың гектар егіс қуаңшылдыққа ұшырады.

Вьетнам Демократиялық Республикасында кезіргі кезде жер суару құрылыстарының негізгі бөлігі тәртіпке келтірілді, 150 жаңа плотиналар мен шлюздар салынды, жер суландыратын жаңа каналдар қазылды. Мұның өзі егіс көлемін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік берді. Тек күріштің өзі ғана 788 мың гектар жерге егілді. Бұл өткен жылдағыдан 32 мың гектар артық.

Елде аграрлық реформа жүзеге асырылуда. Ол 1953 жылдың ақырында қабылданған ұлт жыйналысының қарары бойынша жүргізілуде. Бұл қарар жер—оны кім өңдесе соныкі болуға тиіс» деген принципті жүзеге асыруды көздейді.

Үкметтің қарары бойынша шаруалар бұқарасы помещиктердің саяси ықпалын жойған аудандарда республика жер реформасының бірінші кезеңінен (аренда актіні кемітуден) екінші кезеңіне көшуде. Бұл аудандарда француз отаршылдары мен опасыздық еткен жергілікті помещиктердің жері мен меншікті мүлкін конфискулеуден басқа, жерді помещиктерден мемлекет сатып алып, шаруалардың меншігіне берді.

Қолда азат етілген, сонымен қатар Женева кеңесінің шарттары бойынша республикаға өткен аудандарда помещиктердің жерге қожалық етуі әлі де сақталады. Мұнда шаруалардың міндеті—халықтың өкметтің аренда ақысын кеміту туралы декретін орындатуға помещиктерді мәжбүр ету.

Шаруаларға қарыз беру жолымен үкметтің көмек көрсетуінің Вьетнам Демократиялық Республикасы ауыл шаруашылығын өркендету үшін зор маңызы бар. Соғыс тоқтатылғаннан кейінгі алғашқы бес айдың ішінде ғана шаруалар және республиканың еңбекші халқының басқа да топтары 29,1 миллиард пиастр қарыз алды, бұл Индо-Қытайда бейбітшілік орнағанға дейінгі жеті ай ішінде берілген сомадан үш есе артық.

Халықтың өкметтің аграрлық қайта өзгерістер саласындағы саясатын Вьетнам халқы қызу мақұлдауда. Март айында болған ұлт жыйналысының төртінші сессиясында халықтың қалаулылары үкметтің шараларын құттықтайтын қарарды бірауыздан қабылдады.

Вьетнам халқы ұлттық өнеркәсіпті дамытуда да елеулі табыстарға жетті. Азаттық жолындағы соғыс жағдайларында

жеде көмекші болады.

Егер республика өмір сүре бастағаннан бері өз бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау ісіне аса зор материалдық қаржы жұмсамаған болса, Вьетнам халқының жаңа тұрмыс орнату жолындағы табысы бұдан әлде қайда зор болған болар еді. Вьетнам халқы ешқашан да соғысты тілеген емес. Республиканың халықтың өкметінің барлық ішкі және сыртқы саясаты әрдайым игі мақсатқа—бейбітшілікті сақтауға бағындырылды. Вьетнам Демократиялық Республикасының кезіргі басты мақсаты Индо-Қытайда баянды бейбітшілікті қамтамасыз ететін Женева кеңесінің барлық қарарларын дөңселе-дөңселе орындау болып табылады. Вьетнам халқы, деп мәлімдеді Пекинге келгеннен кейін, быйылғы жылы 25 июньде Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин, «агрессияға қарсы, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғау жолындағы күресті әрдайым қолдап келді және халықаралық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу, әлеуметтік системалары әртүрлі мемлекеттердің, бейбіт қатар өмір сүруі қажет ғана емес, мүмкін де».

Вьетнам халқының бұл ниеті Женева кеңесінің қарарларын жүзеге асыруды сәтсіздікке ұшырату үшін әртүрлі шаралар қолданып отырған американо-олигархтарының мүдделеріне қайшы келеді. Американо-олигархтары осы мақсатпен өздерінің құыршағы—Оңтүстік Вьетнамның премьер-министрі Нго Динь Дьемнің көмегімен елді біріктіруге қамтамасыз ететін жалпыға бірдей сайлауды Вьетнамда 1956 жылы өткізуге кедергі жасауда. Олар өздерінің қорғаушылық мақсатымен Вьетнамның бөлшектелуін баянды еткісі, француздарды оңтүстіктен ығыстырып, елдің осы бір бөлігін Азиядағы аграриялық жоспарларды жүзеге асыру үшін плацдармға айналдырғысы келеді.

Бірақ Вьетнам халқы дүние жүзінің барлық халықтары сияқты бұл жоспарды жүзеге асырмауға берік бел байлаулы. Индо-Қытай мәселесін бейбіт жолмен реттеу қажеттігі ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин мен Индияның Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің Бірлескен мәлімдемесінде атап көрсетілген. Бірлескен мәлімдеме Женева келісімін жүзеге асыруға тиісті барлық үкметтерді бұл үшін мүмкін болғанның бәрін істеуге шақырады. Вьетнамды ұлттық қайта қосудың жүзеге асырылатындығына миллиондаған бейбітшіл адамдар көміл сенеді. Президент Хо Ши Мин бастаған Вьетнам өкілдерінің Совет Одағына келуін құттықтап, совет халқы Вьетнам халқының күшті және тәуелсіз демократиялық мемлекет құруында жаңа табыстарға жете беруін тілейді.

И. ПОДНОПАЕВ.

мұндай қолдауға ең алдымен зор көмекші болуға тиіс.

Тімділікпен қарусыздандыру және атом соғысының қаупін жою адамзаттың игілігіне пайдалануға болатын өрасан зор мүмкіндіктерді ашып береді.

Төрт ұлы державаның үкмет басшыларының Женевада болатын алдағы кездесуі, делінген баяндаманың қорытындысында, кең перспективалар ашып отыр. Дүние жүзінің халықтары осы кездесудің табысты болуын талап етуде, ал олар бұған жетеді де.

«СССРҒЫ БЛОКТЕРІ ЖӘНЕ ХАУІПСІЗДІК» КОМИССИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ

Комиссия үш көмекші комиссия құрды: бұлар—герман мәселесі жөніндегі көмекші комиссия, БҰҰ істері жөніндегі көмекші комиссия және Азия мен Таяу Шығыс елдерінің проблемалары жөніндегі көмекші комиссия.

Герман мәселесі жөніндегі көмекші комиссия өзінің ұсыныстарында: Еуропаның соғыс блоктеріне бөлшектелуі, мұның өзі

Халық өкілдері Бүкілқытайлық жыйналысының екінші сессиясы

ПЕКИН, 5 июль (ТАСС). Бүгін Пекинде Хуайжяньтан залында Қытай Халық Республикасы халық өкілдері Бүкілқытайлық жыйналысының екінші сессиясы ашылды.

Президиумда—Қытай Халық Республикасының Председателі Мао Цзэ-дун, Қытай Халық Республикасы председателінің орынбасары Чжу Дэ, халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы тұрақты комитетінің председателі Луи Шао-ци, ҚХР мемлекеттік Советінің премьері Чжоу-Энь-лай және ҚХР-дің басқа да мемлекет қайраткерлері.

Қонақтардың арасында Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин бастаған Вьетнам үкмет делегациясы болды.

Сессияның күн тәртібінде: Қытай Халық Республикасының Халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспарын бекіту; ҚХР-дің 1954 жылғы бюджетінің орындалуы туралы және 1955 жылға арналған бюджетті бекіту;

Хуанхэ өзеніндегі гидротехникалық жұмыстарының жоспарын қабылдау; әскери міндет туралы заң қабылдау және басқа мәселелер.

Қытай Халық Республикасының халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспары туралы бүгінгі мәжілісте Қытай Халық Республикасы мемлекеттік Советі премьерінің орынбасары және мемлекеттік жоспарлау комитетінің председателі Ли Фу-чунь баяндама жасады.

Азия мен Орта Шығыс елдерінің проблемалары жөніндегі көмекші комиссия өзінің ұсыныстарында былай деп атап көрсеткен: Кореяда және Индо-Қытайда соғыс қыймылдарының аяқталғанына қарамастан, Азиядағы жағдай әлі де қауіпті болып отыр.

Соғыс блоктерінің системасы, делінген ұсыныстарда, азиялықтарды азиялықтарға қарсы соғысуға мәжбүр ету және осы континенттің кейбір халықтары душар болып отырған езушілікті күшейту мақсатын көздейді.

Ассамблея Азиядағы барлық шетелдік әскерлерді өкетуді және барлық шетелдік базаларды құртуды талап етеді. Комиссия Гоода орналасқан Португалия әскерлерін өкетуді және бұл мәселені бейбітшілікпен шешу туралы тезінен келіссөздер жүргізуді талап етеді. Біз Батыс Ириан туралы мәселені бейбітшілікпен шешу үшін Индонезия мен Нидерландтар үкметтері арасында осындай келіссөздер жүргізуді талап етеміз.

ГДР үкмет делегациясының Варшаваға жүріп кетуі

БЕРЛИН, 5 июль (ТАСС). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, кеше кешкілікте Герман Демократиялық Республикасының үкмет делегациясы герман халық мемлекеттік шекарасы туралы догворға қол қоюдың бес жылдығымен байланысты салтанаттарға қатысу үшін Берлиннен Варшаваға жүріп кетті.

Үкмет делегациясын басқарушы ГДР

барлық даулы мәселелерді келіссөздер жүргізу жолымен шешу үшін күш жұмсау саясатының қандайынан болса да бастартуға шақырады.

Бейбітшілік күштер қыймылының мәселелері жөніндегі комиссияның ұсыныстарында былай делінген:

Жұртшылық пікірінің қысымы ғана барлық халықаралық проблемаларды бейбітшілікпен реттеуді қамтамасыз ете алатындығына сенген Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Ассамблеясы ұлттардың, дүниеге көзқарастардың, діндердің, әлеуметтік топтардың немесе ұйымдардың айырмашылығы бейбітшілік мақсатындағы қыймылға еркін ынтымақтасуға бөгет бола алмайды» деп мәлімдейді.

Ассамблея қарусыздандыруды және атом қаруына толық тыйым салуды талап ету үшін 6 августа—Хиросима қаласын атомдық бомбалаудың жылдығы үшін—бейбітшілік мақсатындағы қыймылдарды Бүкіл дүниежүзілік күннің ұйымдастыруды ұсынады.

премьер-министрі О. Гротеволь. Делегацияның құрамында: ГДР премьер-министрінің орынбасары және сыртқы істер министрі Л. Болль, статс-секретарь және сыртқы істер министрінің орынбасары Г. Хандже, ГДР халықтық полициясының генерал-майоры Р. Деленк, ермен немес көсіподақтары бірлестігінің орталық басқармасының секретары Р. Хирхнер және басқалары келген.

Герман Демократиялық Республикасы үкмет делегациясының Варшаваға келуі

ВАРШАВА, 5 июль (ТАСС). Премьер-министр О. Гротеволь бастаған Герман Демократиялық Республикасының үкмет делегациясы бүгін Варшаваға келді. Негізгі вокзалда делегацияны Польшаның біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Б. Берут, Министрлер Советінің председателі Ю. Циранкевич, Польшаның біріккен жұмысшы партиясының Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері, үкмет пен мемлекеттік Советтің мүшелері, поляк әскерлерінің генералдары, Варшава жүрт

шылығының өкілдері, сонымен қатар халықтық демократия елдері елшіліктерінің басшылары қарсы алды.

Бірнеше мың варшавалықтар желгендерді жылы шыраймен құттықтап қарсы алған вокзал жанындағы алаңда митинг болып, онда Ю. Циранкевич пен О. Гротеволь сөз сөйледі. Герман Демократиялық Республикасының үкмет делегациясы поляк-герман мемлекеттік шекарасы деморкациялау туралы догворға қол қоюының бес жылдығына байланысты салтанаттарға қатысады.

ФРАНЦУЗДЫҚ ОДАҚ ЖАҒЫ ЖЕНЕВА КЕЛІСІМДЕРІН БҰЗУДА

ХАНОЙ, 1 июль (ТАСС). Вьетнам информация агенттігінің хабарлауына қарағанда, Вьетнамдағы атыс тоқтатылған уақыттан бері қарай, француздық одақ жағы патриоттық соғысқа қатысқан адамдарды қуғындап, Женева келісімдерін көптеген рет бұзды. Вьетнамдағы бақылау және төзсеру жөніндегі халықаралық комиссия зерттеуінің барысында мынау анықталды: француздық одақ өс-

ісіне өздерінің мәдениет саласындағы қыймылымен және қоғамдық қыймылымен бөмектесуге шақырады.

Декларацияда барлық елдердің әлеуметтік құрылысының қандай екеніне қарамастан, олардың арасында мәдениет байланысын ұлғайтуға шақырылған.

Тәрбие, білім және жастар мәселелері жөніндегі комиссияның ұсыныстарында былай деп көрсетілген: жастар төзімділік, достық және бейбітшілік рухында тәрбиеленуге тиіс. Зорлық пен соғысты дәріптеудің қандай болса да, нәсілдік, саяси немесе діни кемсітушіліктің қандай формасы болса да мектептердегі оқу практикасына алынып тасталуға тиіс.

Ұлт мәдениеттері мен ана тіліне қысым жасамауға тиіс, қайта олар дүниежүзілік цивилизацияны байыту үшін барлық елдерде сақталып, ілгері дамытылуға тиіс.

Ұсыныстарда жастардың тұрмыс жағдайын жақсарту үшін, соғыс желікпесіне қарсы, зорлық-зомбылықты және жат мінезді дәріптейтін әдебиет шығармаларына, фильмдер шығаруға, радио және телевидение хабарларына қарсы күресу қажет екендігі атап көрсетілген.

Жанталаса қарулану, делінген ұсыныстарда, жастарды тәрбиелеуге және оқытуға апатты зардабын тигізуде. Сондықтан әрбір елдің бюджеттерінде соғыс шығындарын азайту есебінен тәрбие мен білімге жұмсалатын қаржыға бірінші орын берілуі қажет.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында
«КАРОЛА ЛАМБАРТИ»
Сеанстар кешкі сағат 5, 6-45, 8-30, 10,20-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында
«ЭМИРАТТЫҢ КҮЙРЕУІ»
Сеанстар кешкі сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат бөлімшесі облыс экрандарында «ӨЖЕТ ҚЫЗ» деген жаңа кинокомедия көрсете бастайды.

Фильмді Алматы киностудиясы, 1955 жылы жасап шығарған.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс,

көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, хабар және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39 газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.